16. Nitaliev T. A convict with a disability was placed on the 4th floor of a colony in the West Kazakhstan region. Ulysmmedia.kz. 04.05.2023 / <https://ulysmmedia.kz/news/15635-osuzhdennogo-s-invalidnostiu-raspolozhili-na-4-etazhe-kolonii-v-zko/>

17. D. Stamgalieva, "What Rights of Convicts in Kazakhstan Are Most Often Violated?" / Liter Newspaper, 1009. 22.09.2025. <https://bureau.kz/novosti/kakie-prava-osuzhdennykh-v-kazahstane-chashhe-vsego-narushayutsya/>; <https://liter.kz/kakie-prava-osuzhdennykh-v-kazahstane-chashche-vsego-narushaiutsia-1758183995>

18. Prison Reform in Japan: A Focus on Rehabilitation <https://www.zakonia.ru/analytics/tjuremnaja-reforma-v-japonii-upor-na-reabilitatsiju> Translation Alexandra Parkhomenko 13.06.2025, Karin Kaneko The Japan Times (Accessed: 2 October 2025)

19. Zaborovskaya Y.M. The Problem of Forming an Accessible Environment in Relation to Convicts with Disabilities Serving a Sentence in the Form of Deprivation of Liberty in Correctional Institutions of the Federal Penitentiary Service of Russia, 2016. – No2 (27). – P.17. <https://cyberleninka.ru/article/n/problema-formirovaniya-dostupnoy-sredy-v-otnoshenii-osuzhdennykh-invalidov-otbyvayuschih-nakazanie-v-vide-lisheniya-svobody-v/viewer>

Түсті: 14.12.2025 Мақұлданды: 26.12.2025 Онлайн қолжетімді: 31.12.2025

MPHTI 10.87.75

DOI: <https://www.doi.org/10.32523/2791-0954-2025-16-4-36-48>

Халықаралық ғарыш құқығына инклюзивті тәсілдерді енгізу мәселесіне қатысты

Мира Ж. Куликпаева

Философия докторы (PhD),

Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің Білім беру жобалары және халықаралық ынтымақтастық орталығының жетекші сарапшысы,

Астана, Қазақстан

e-mail: m.kulikpayeva@gmail.com

ORCID: <https://orcid.org/0009-0007-9799-2948>

Аңдатпа: Бұл мақала халықаралық ғарыш құқығында инклюзивті тәсілдерді енгізу мәселесіне арналған. Мақаланың мақсаты – ғарыш жобалары мен бағдарламаларын іске асыруда инклюзивті тәсілдерді халықаралық және ұлттық деңгейде кешенді түрде зерттеу.

Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылды: теориялық дереккөздерге, халықаралық құжаттарға және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне шолу жасау және талдау; ғарыш қызметінде инклюзивті тәсілдерді енгізудің проблемалық аспектілерін анықтау; құқықтық коллизияларды жою бойынша ұсынымдар әзірлеу.

Зерттеу барысында Біріккен Ұлттар Ұйымының халықаралық стандарттарының нормалары Қазақстан Республикасының ғарыш қызметі, әлеуметтік сала және инклюзивті саясат саласындағы ұлттық заңнамасының ережелеріне сәйкес келе ме деген гипотезаны тексеру көзделеді. Жүргізілген зерттеудің нәтижелері Қазақстандағы инклюзивті саясатты одан әрі жетілдіруге және ғарыш саласын дамытуға практикалық маңызы бар.

Зерттеу нәтижелері әлемде ғарыш кеңістігіне баршаның, соның ішінде мүгедектігі бар адамдардың да инклюзивті қолжетімді болуы үрдісінің белсенді түрде ілгерілеп келе жатқанын көрсетті. Бүгінгі таңда мемлекеттердің инклюзивті тәсілдерді енгізуге ғана емес, сонымен қатар өз ғарыш саласын жалпы дамытуға уақтылы дайын болуы мәселесі өзекті болып отыр.

Түйінді сөздер: ғарыш қызметі, мүгедектігі бар адамдар, БҰҰ, Қазақстан, инклюзивті тәсілдер, құқық.

On the Issue of Implementing Inclusive Approaches in International Space Law

Mira Zh. Kulikpayeva

Doctor of philosophy (PhD),

Leading Expert at the Center for Educational Projects and International Cooperation of the Archive of the President of the Republic of Kazakhstan,
Astana, Kazakhstan
e-mail: m.kulikpayeva@gmail.com
ORCID: <https://orcid.org/0009-0007-9799-2948>

Abstract: The article is devoted to the issue of implementing inclusive approaches in international space law. The purpose of this article is to conduct a comprehensive study of inclusive approaches to the implementation of space projects and programs at both the international and domestic levels.

To achieve this objective, the following tasks are set: to review and analyze theoretical sources, international instruments, and legislative acts of the Republic of Kazakhstan; to identify problematic aspects of the implementation of inclusive approaches in space activities; and to develop recommendations for resolving conflicts of law.

During the research, it is proposed to test the hypothesis as to whether the norms of UN international standards comply with the provisions of national legislation in the fields of space activities, the social sphere, and inclusive policy, using the Republic of Kazakhstan as a case study.

The results of the study will have practical significance for the further improvement of inclusive policy and the development of the space sector in Kazakhstan. The conducted research has shown that within the global space community, a trend toward promoting inclusive access to outer space for all, including persons with disabilities, is actively advancing. Today, the issue of states' timely readiness not only to implement inclusive approaches but also to further develop their national space sectors as a whole is becoming increasingly relevant.

Key words: space activities, persons with disabilities, the United Nations, Kazakhstan, inclusive approaches, law.

К вопросу о внедрении инклюзивных подходов в международном космическом праве

Мира Ж. Куликпаева

Доктор PhD,

Ведущий эксперт Центра образовательных проектов и международного сотрудничества Архива Президента Республики Казахстан,

Астана, Казахстан

e-mail: m.kulikpayeva@gmail.com

ORCID: <https://orcid.org/0009-0007-9799-2948>

Аннотация: Статья посвящена вопросу внедрения инклюзивных подходов в международном космическом праве. Цель данной статьи состоит в проведении комплексного исследования инклюзивных подходов в реализации космических

проектов и программ как на международном, так и на внутригосударственном уровне.

Для достижения цели поставлены следующие задачи: обзор и анализ теоретических источников, международных документов и законодательных актов Республики Казахстан; выявление проблемных аспектов внедрения инклюзивных подходов в космической деятельности; разработка рекомендаций по устранению коллизийно-правовых вопросов.

В ходе проведения исследования предполагается проверить гипотезу о том, соответствуют ли нормы международных стандартов ООН положениям национального законодательства в области космической деятельности, социальной сферы и инклюзивной политики на примере Республики Казахстан. Результаты проведенного исследования будут иметь практическую значимость для дальнейшего совершенствования инклюзивной политики и развития космической отрасли в Казахстане.

Проведенное исследование показало, что в мировом космическом сообществе активно продвигается тренд инклюзивного доступа космического пространства для всех, в том числе для лиц с инвалидностью. И сегодня актуальным становится вопрос о своевременной готовности государств не только к внедрению инклюзивных подходов, но и дальнейшего развития собственной космической отрасли в целом.

Ключевые слова: космическая деятельность, лица с инвалидностью, ООН, Казахстан, инклюзивные подходы, право.

Кіріспе. Біріккен Ұлттар Ұйымының деректеріне сәйкес, әлем халқының 15%-ын немесе шамамен бір миллиард адамды мүгедектігі бар адамдар құрайды [1]. Бүгінгі таңда БҰҰ қызметі мен оның мүше мемлекеттерінің саясаты негізінен инклюзивті қоғам құру қатысты халықаралық стандарттар мен ұлттық заңнамаларды жақындастыруға бағытталған. Алайда, көбінесе әлеуметтік саладағы ілгерілеулер, яғни қосымша құқықтық кепілдіктер мен әлеуметтік жеңілдіктер беру, қоғамдық үдерістерге белсенді тарту және басқа да шаралар туралы естіміз, бұл әрине, мүгедектігі бар адамдар үшін ерекше маңызды.

Сонымен қатар әлем мен технологиялар бір орында тұрмай, өміріміздің барлық саласына нық еніп келеді. Егер бұрын біз халықаралық құқықтың, соның ішінде халықаралық ғарыш құқығының прогрессивті дамуы туралы ғана айтсақ, бүгінгі күні әлемде «Space for persons with disabilities / Мүгедектігі бар адамдар үшін ғарыш» атты жаңа тұжырымдама қалыптасып келеді. Бұл тұжырымдама инклюзивті тәсілдерді енгізу үшін мүлде жаңа көкжиектер ашады.

Аталған тұжырымдаманы іске асырудағы негізгі қозғаушы күш – БҰҰ Ғарыш кеңістігі жөніндегі басқармасы. Басқарма Мүгедектердің құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясына (МКК) сәйкес мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын мойындай отырып және БҰҰ-ның мүгедектігі бар адамдардың инклюзивтілігін қамтамасыз ету стратегиясын басшылыққа ала отырып, олардың құқықтарын өз бағдарламаларына енгізіп, мүгедектік мәселелерін өз

қызметіне интеграциялау бағытында жұмыс жүргізіп отыр. Басқарманың айтуынша, «Space for persons with disabilities / Мүгедектігі бар адамдар үшін ғарыш» атты жобаның мақсаты – мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қорғау арқылы ғарыш саласындағы инклюзивті және әділетті дамуға жәрдемдесу, қолжетімділікті қамтамасыз ететін жаңа технологиялардың қажеттілігі туралы хабардар болуды арттыру, мүгедектігі бар адамдарды ғарыш саласына интеграциялау бағытындағы ынтымақтастықты дамыту, сондай-ақ ғарыштағы инклюзивтілікті қамтамасыз етуге бағытталған бастамаларды қолдау мен ілгерілетуге шешім қабылдайтын тұлғаларды тарту [2].

Осылайша, халықаралық ғарыш құқығында инклюзивті тәсілдерді енгізу мәселесін зерттеуге деген қызығушылық арта түсуде.

Бұл мақалада зерттеу нысаны ретінде БҰҰ (оның ішінде БҰҰ-ның Ғарыш кеңістігі жөніндегі басқарма) мен мемлекеттердің инклюзивті саясатты қалыптастыру және ілгерілету жөніндегі қызметі қарастырылады. Ал зерттеу пәні ретінде «Space for persons with disabilities / Мүгедектігі бар адамдар үшін ғарыш» тұжырымдамасын дамыту аясында әзірленіп жатқан халықаралық-құқықтық және ұлттық-құқықтық нормалар айқындалады.

Мақаланың мақсаты – ғарыш жобалары мен бағдарламаларын іске асыруда инклюзивті тәсілдерді халықаралық және ішкі мемлекеттік деңгейде кешенді түрде зерттеу.

Осы мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай міндеттер қойылады: теориялық дереккөздерге, халықаралық құжаттарға және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне шолу жасау және оларды талдау; ғарыш қызметінде инклюзивті тәсілдерді енгізудің проблемалық аспектілерін анықтау; құқықтық коллизияларды жоюға бағытталған ұсынымдар әзірлеу.

Зерттеу барысында БҰҰ халықаралық стандарттары нормаларының Қазақстан Республикасының ғарыш қызметі, әлеуметтік сала және инклюзивті саясат саласындағы ұлттық заңнамасының ережелеріне сәйкестігін анықтау гипотезасын тексеру көзделеді.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері Қазақстандағы инклюзивті саясатты одан әрі жетілдіруге және ғарыш саласын дамытуға практикалық маңызға ие болады деп есептейміз.

Материалдар мен тәсілдер. Мақаланың әдіснамалық негізін ғылыми танымның талдау, синтез, дедукция, индукция, сондай-ақ тарихи-құқықтық және салыстырмалы-құқықтық әдістері құрайды

Зерттеу материалдарына халықаралық ғарыш құқығы саласындағы ғылыми әдебиеттер, халықаралық шарттар мен келісімдер, Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасы, БҰҰ Шарттық органдарының жалпы тәртіптегі ескертулері, сондай-ақ БҰҰ әдістемелік жарияланымдары (есептер, стратегиялар, статистикалық жинақтар, баяндамалар және басқа да құжаттар) енгізілді.

Халықаралық ғарыш құқығы саласындағы БҰҰ негізгі шарттары.

Біріккен Ұлттар Ұйымы шеңберінде әртүрлі жылдары төмендегі шарттар әзірленіп, қабылданды:

- Мемлекеттердің ғарыш кеңістігін, соның ішінде Айды және басқа да аспан денелерін зерттеу және пайдалану жөніндегі қызметінің қағидаттары туралы шарт (1967 ж.);

- Ғарышкерлерді құтқару, ғарышкерлерді қайтару және ғарыш кеңістігіне ұшырылған объектілерді қайтару туралы келісім (1968 ж.);

- Ғарыш объектілері келтірген залал үшін халықаралық жауапкершілік туралы конвенция (1972 ж.);

- Ғарыш кеңістігіне ұшырылатын объектілерді тіркеу туралы конвенция (1975 ж.);

- Мемлекеттердің Ай және басқа да аспан денелерінде қызметі туралы келісім (1979 ж.).

Атауларынан көрініп тұрғандай, әрбір шарт, келісім немесе конвенция ғарыш қызметінің нақты салаларын реттеуге бағытталған белгілі бір ережелер жиынтығын білдіреді. Сонымен қатар мұндай құжаттардың заңды күші мәселесі де маңызды, өйткені оларды әзірлеу мен қабылдау бір мәселе болса, ал олардың кейіннен қолданысқа енуі және әлемдік қауымдастықтың оларды мойындауы мүлде басқа мәселе.

БҰҰ-ның ғарыш құқығы саласындағы шарттық базасын жетілдіру қажеттілігі туралы мәселе Г.П. Жуков, Е.А. Коровин, Ю.М. Колосов, Вл. Копал, А.В. Яковенко және басқа да ғалымдардың ғылыми еңбектерінде бірнеше рет көтерілген. Осы уақытқа дейін қолданыстағы нормаларды жетілдіру немесе жаңа әмбебап құжатты әзірлеп, қабылдау қажет пе деген мәселе пікірталас нысаны болып отыр [3].

Қазақстан аталған шарттарға 1997 жылғы мамыр айында қосылғанын айта кету керек [4].

XX ғасырдың ортасында қабылданған жоғарыда көрсетілген халықаралық шарттардың ережелерін талдау олардың құрамында инклюзивті тәсілдерді айқындайтын қандай да бір нормалардың жоқ екенін көрсетеді. Мұны ғарыш саласының 1957 жылы Жердің алғашқы жасанды серігі ұшырылғаны мен 1961 жылы адамның алғаш ғарышқа ұшуынан кейін ғана қалыптаса бастағанымен түсіндіруге болады. Сол кезеңде ғарыш қызметін жүзеге асырудың негізгі бағдарларын айқындау және мемлекеттер арасындағы өзара іс-қимылды қалыптастыру қажеттілігі туындады. Сондықтан инклюзивті тәсілдер мәселесі ол уақытта күн тәртібіне қойылмаған.

2006 жылғы 13 желтоқсанда қабылданған Мүгедектердің құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы мүгедектігі бар адамдардың көптеген топтарын қамтиды және кез келген түрдегі мүгедектігі бар барлық адамдардың адам құқықтары мен негізгі бостандықтарының толық көлемінде пайдалануға құқылы екенін растайды. Конвенцияда құқықтардың барлық санаттарының мүгедектігі бар адамдарға қалай қолданылатыны түсіндіріліп, олардың өз құқықтарын тиімді жүзеге асыруы үшін қандай салаларда бейімдеу қажет екені, сондай-ақ

құқықтары бұзылған және оларды қорғауды күшейту талап етілетін бағыттар айқындалады [5]. Қазақстан бұл Конвенцияны 2015 жылы ратификациялады.

Мүгедектердің құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясының 1-бабы мүгедектер қатарына физикалық, психикалық, зияткерлік немесе сенсорлық тұрақты бұзылыстары бар, қоғам өміріне өзгелермен тең дәрежеде толық әрі тиімді қатысуына тосқауылы бар адамдар жататынын нақты белгілейді [6].

Әрине, Конвенцияның бүкіл мазмұны мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық өмірге белсенді араласуына және оның толыққанды әрі тең құқықты қатысушылары болуына жәрдемдесуге бағытталған инклюзивті тәсілдерге негізделген. Сонымен қатар, Конвенция мәтінінің өзінде «инклюзивтілік» ұғымы екі бапта, яғни 24 және 27-баптарда ғана тікелей аталады.

Осы Конвенцияның 24-бабы мемлекеттерді мүгедектердің білім алуға құқығын тануға міндеттейді, сол арқылы барлық деңгейлерде инклюзивті білім беруді және өмір бойы оқытуды қамтамасыз етуді көздейді.

Ал 27-бабы еңбек пен жұмыспен қамту мәселелеріне арналған, онда қатысушы мемлекеттер мүгедектердің еңбек ету құқығын өзгелермен тең дәрежеде мойындауға және еңбек нарығы мен өндірістік ортаның мүгедектігі бар адамдар үшін ашық, инклюзивті әрі қолжетімді болуын қамтамасыз етуге міндетті екені белгіленген.

Конвенцияда мүгедектігі бар адамдарды ғарыш саласына тарту немесе тиісті ғарыш жобалары мен бағдарламаларын әзірлеу мәселелерін тікелей реттейтін арнайы нормалар жоқ. Дегенмен бұл құжатты жалпы алғанда инклюзивті қоғамды дамытуға бағытталған мемлекеттік саясатты қалыптастыру үшін негізгі халықаралық стандарт ретінде қарастыру қажет.

Мүгедектердің құқықтары жөніндегі комитет өзінің Инклюзивті білім беру құқығы туралы № 4 (2016) жалпы тәртіптегі ескертуінде (ЖТЕ) қатысушы мемлекеттер инклюзивті білім беру құқығының барлық негізгі аспектілерін, яғни қолжетімділігін, қолайлылығы мен бейімділігін құрметтеуге, қорғауға және жүзеге асыруға тиіс екенін түсіндірді. Атап айтқанда:

- құрметтеу міндеттемесі осы құқықты жүзеге асыруға кедергі келтіретін шараларды қабылдаудан бас тартуды талап етеді;
- қорғау міндеттемесі үшінші тараптардың бұл құқықты іске асыруға араласуына жол бермейтін шараларды қабылдауды көздейді;
- жүзеге асыру міндеттемесі мүгедектігі бар адамдардың білім алу құқығын пайдалануы үшін жағдай жасайтын және көмек көрсететін шараларды қабылдауды талап етеді [7].

Осылайша, №4 (2016) ЖТЕ Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияның инклюзивті білім беруді енгізуге қатысты ережелерін қалай түсіну және жүзеге асыру керектігін нақты айқындап берді. Бұған дейін атап өтілгендей, БҰҰ Ғарыш кеңістігі жөніндегі басқармасы да өз миссиясын мүгедектігі бар адамдарды әртүрлі бағдарламаларға, соның ішінде білім беру бағдарламаларына тарту деп біледі.

Тұрақты даму мақсаттары (ТДМ). Ғарыш кеңістігін игеру және ғарыш технологияларын қолдану Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізумен тығыз байланысты және осы арқылы елеулі үлес қоса алады.

Мысалы, ТДМ № 4 «Сапалы білім» ғарышты игеру тұрғысынан спутниктік технологиялардың арқасында мүмкін болатын қашықтан оқыту мәселелерін қамтиды (виртуалды тағылымдамалар, вебинарлар және т.б.). Бұл мүгедектігі бар адамдар үшін білім алу мүмкіндіктерінің қолжетімділігін арттырады.

ТДМ № 8 «Лайықты еңбек және экономикалық өсу» шеңберінде ғарыштық деректер ойластырылған жаһандық және ұлттық экономикалық саясатты қалыптастыруда үлкен көмек көрсете алады. Мәселен, COVID-19 пандемиясы кезінде спутниктік деректер локдаундардың салдарын өлшеуге және олардан кейінгі қалпына келу үдерістерін зерделеуге мүмкіндік берді.

ТДМ № 17 «Мақсаттарға қол жеткізу жолындағы әріптестік» БҰҰ Ғарыш кеңістігін бейбіт мақсатта пайдалану жөніндегі комитетінің 104 мүше мемлекетті біріктіретінін білдіреді, олардың күш-жігері ғарышты игеруге және барлық Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған. Негізінен, ТДМ-ға қол жеткізуге бағытталған міндеттердің көпшілігінің негізінде ғарыштан алынатын Жерді қашықтан зондау деректері мен ақпараттары жатыр.

Осылайша, «Space for persons with disabilities / Мүгедектігі бар адамдар үшін ғарыш» тұжырымдамасы ТДМ № 10 «Теңсіздікті қысқарту», сондай-ақ ТДМ № 4 «Сапалы білім», № 8 «Лайықты еңбек және экономикалық өсу» және № 17 «Мақсаттарға қол жеткізу жолындағы әріптестік» мақсаттарына қол жеткізуге өз үлесін қоса алады.

БҰҰ Мүгедектігі бар адамдарды интеграциялау жөніндегі стратегиясы. Біріккен Ұлттар Ұйымының Мүгедектігі бар адамдар үшін инклюзивтілікті қамтамасыз етуге бағытталған стратегиясы өзінің саяси және есептілік құрылымы арқылы БҰҰ жүйесінің мүгедектігі бар адамдарға қатысты инклюзивтілік мақсаттарына сәйкестігін қамтамасыз ететін кешенді құжат болып табылады. Бұл стратегия БҰҰ қызметінің барлық бағыттарында мүгедектігі бар адамдар үшін инклюзивтілікке қол жеткізу жолында тұрақты әрі трансформациялық өзгерістердің негізін қалайды.

Стратегия жалпысистемалық саясатты, есептілік жүйесін және оны іске асырудың өзге де тетіктерін қамтиды. Саясат БҰҰ жүйесінің мүгедектігі бар адамдарды инклюзиялау жөніндегі міндеттемелерінің ең жоғары деңгейін және көзқарасын айқындайды.

Есептіліктің негіздемелік бағдарламасы өзара байланысты екі құрамдас бөліктен тұрады:

а) төрт салаға (көшбасшылық, стратегиялық жоспарлау және басқару; инклюзивтілік; бағдарламалау; ұйымдық мәдениет) бағытталған 15 жалпы жүйелік көрсеткішті қамтитын ұйымдардың есептілік негіздемелік бағдарламасы;

ә) мүгедектігі бар адамдарды инклюзиялау мәселесі бойынша БҰҰ елдік тобының есептілігін бағалау жүйесі. Сондай-ақ негіздемелік бағдарламаға

саясатты толық іске асыру үшін қажетті уақыт кестелері, техникалық ұсынымдар және міндеттерді бөлу тетіктері енгізілген [8].

«*Space for persons with disabilities / Мүгедектігі бар адамдар үшін ғарыш*» жобасы. БҰҰ Ғарыш кеңістігі жөніндегі басқармасы жүзеге асырып отырған бұл жоба, ең алдымен, мүгедектігі бар адамдардың назардан тыс қалмауын көздейді. Осыған байланысты Басқарманың қызметі мен бағдарламаларының барлық салаларында, яғни БҰҰ шеңберінде де, одан тыс жерлерде де инклюзияға кешенді әрі жүйелі көзқарас қажет болды.

Жобаны іске асыру барысында Басқарма мүгедектігі бар адамдарды инклюзиялау бойынша екіжақты тәсілді қолданады.

Біріншіден, Басқарма өз қызметінің барлық ішкі үдерістерінде және жалпы жұмысында мүгедектігі бар адамдардың мүдделерін ескере отырып, мүгедектікке байланысты көзқарастарды назарға алады.

Екіншіден, Басқарма мүгедектігі бар адамдардың хабардар болуы әрі мазмұнды қатысуы арқылы олардың қажеттіліктеріне бағытталған бағдарламаларды әзірлейді. Бағдарлама екі негізгі бағыттан тұрады: технологиялар және адамдар. Бірінші бағыт қолжетімділікті қамтамасыз ететін инновациялық құралдар мен технологияларға шоғырланса, екінші бағыт кедергілерді жоюға, сондай-ақ ғарыш секторында мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа қабылдау, сақтап қалу және қызметтік өсуінің тиімділігін арттыру мақсатындағы инклюзивті тәжірибелерге бағытталған [2].

Осылайша, жобаның табысты болуы білім беру және ақпараттық науқандарды іске асыру, әлеуетті арттыруға бағытталған іс-шаралар өткізу және мүдделі тараптармен серіктестік орнату арқылы мүмкін болады.

Ғарыш саласындағы инклюзияның мысалдары. Қазіргі таңда әлемде мүгедектігі бар адамдар ғарыш саласында белгілі бір табысқа жеткен кемінде екі жағдай белгілі.

Бірінші жағдай. 43 жастағы британдық Джон Макфолл 19 жасында ауыр апатқа ұшырап, бір аяғын жоғалтқан. 2022 жылы Еуропа ғарыш агенттігі Макфоллды астронавттар резервіне енгізді. 2025 жылғы 14 ақпанда ол Халықаралық ғарыш станциясында ұзақ мерзімді миссияға қатысуға медициналық рұқсат алды [9].

Екінші ерекше жағдай. Еуропа ғарыш агенттігінде аэрокосмостық техника және мехатроника инженері Михаэла Бентхаус. Ол өзінің мансабын планетаралық зерттеулерді ілгерілетуге арнаған. 2018 жылы тауға арналған велосипедпен апатқа ұшырап, омыртқа жарақатын алды, бұл оның жүру қабілетіне әсер етті. 2025 жылғы желтоқсанда “*Blue Origin*” компаниясы *New Shepard* бағдарламасының 37-ұшуын сәтті жүзеге асырды.

Экипаж құрамына Михаэла (Мичи) Бентхаус, Джои Хайд, Ханс Кёнигсман, Нил Мильха, Адонис Пуроулис және Джейсон Станселл кірді. Бұл миссия экипаж мүшесі мүгедек арбасымен Карман сызығынан жоғары көтерілген алғашқы жағдай болды, бұл сызық ғарышқа халықаралық деңгейде танылған шекара болып есептеледі. *New Shepard* аппараты қолжетімділік

талаптарын ескере отырып жобаланғанын айта кету керек: ол автономды, старттық мұнараға лифт орнатылған, бұл «ғарыштық ұшуларды көптеген адамдар тобы үшін қолжетімді етеді» [10].

Осындай мысалдар 1967 жылғы Ғарыш туралы шарттың «ғарыш кеңістігі, соның ішінде Ай мен басқа да аспан денелері, барлық мемлекеттер үшін теңдік негізінде, кез келген дискриминациясыз және халықаралық құқыққа сәйкес зерттеу мен пайдалану үшін ашық болып табылады, сондай-ақ барлық аспан денелерінің аймақтарына еркін қолжетімділікті қамтамасыз етеді» деген ережелерінің өзгермейтіндігін тағы бір рет дәлелдейді.

Қазақстан Республикасының ғарыш қызметі және инклюзия саласындағы заңнамасы. Қазақстанда ғарыш қызметін жүзеге асыруға байланысты қоғамдық қатынастарды 2012 жылғы 6 қаңтардағы № 528-IV «Ғарыш қызметі туралы» Заң реттейді [11]. Заң мәтінінде инклюзия немесе ғарыш кеңістігін игеруге, ғарыш қызметін жүргізуге тең қолжетімділік туралы тікелей сөз жоқ.

Алайда, Заңның 3-бабында бекітілген ғарыш қызметін жүзеге асыру қағидаттары аясында халықаралық құқық нормаларын сақтау атап өтіледі. Осыдан біз инклюзивті тәсілді қамтамасыз ету халықаралық стандарттарға негізделетінін болжауға болады.

Ғарыш қызметін жүзеге асырудың әлеуметтік аспектілеріне келер болсақ, Заңның 6-тарауында кандидат-астронавттар мен астронавттардың құқықтық мәртебесі және әлеуметтік қамтамасыз ету шараларын (мәртебесі, жарақат, ауру немесе қаза (өлім) жағдайында кепілдіктер, жерлеу шығындарын өтеу, медициналық және санаторлық-курорттық қызмет көрсету) қарастырады.

Қазақстанда ғарыш саласында инклюзивті тәсілді тікелей қамтамасыз етуге арналған басқа арнайы ережелер немесе бөлек заңнамалық/заңға сәйкес актілер жоқ.

Құқықтық мәртебе мен құқықтық кепілдіктерді егжей-тегжейлі реттеу Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінде кездеседі [12]. Кодекстің 154-бабы Қазақстан Республикасындағы мүгедектігі бар адамдардың Конституциясы және басқа да заңнамалық актілері белгіленген барлық әлеуметтік-экономикалық және жеке құқықтар мен бостандықтарға толық ие екенін бекітеді. Басқа құқықтардың ішінде кәсіби даярлық және қайта даярлық алу, еңбекке қабілеттілікті қалпына келтіру және жұмысқа орналастыру құқығын, сондай-ақ инфрақұрылым объектілеріне, ақпараттандыру жүйелеріне, көлікке, ақпаратқа, мәдени-ұйымдастырушылық шараларға, спорттық жарыстарға және мемлекеттік қызметтерге қолжетімділікті қамтамасыз ету құқығын ерекше атап өтуге болады.

Осылайша, заңнамалық актілер мүгедектігі бар адамдарға өмірдің әртүрлі салаларында тең жағдайлар мен мүмкіндіктер жасауға бағытталған.

Тағы бір маңызды нормативтік құжат – Қазақстан Республикасында 2025–2030 жылдарға арналған инклюзивті саясат тұжырымдамасы [13]. Тұжырымдаманы жүзеге асыруға жауапты мемлекеттік органдардың қатарында ғарыш қызметі саласындағы өкілетті орган да көрсетілгеніне (құжат

қабылданған сәтте – Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі) назар аудару қажет.

Жалпы алғанда, тұжырымдама халықтың, соның ішінде мүгедектігі бар адамдардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға, олардың қоғамдағы толыққанды әлеуметтік, экономикалық және саяси қатысуын қамтамасыз етуге бағытталған. Сондай-ақ, инклюзивті еңбек нарығы, білімге қолжетімділік және басқа да көптеген бағыттарға қатысты баптар қамтылған.

Қорытынды. Жүргізілген зерттеу көрсеткендей, әлемдік ғарыш қауымдастығында ғарыш кеңістігіне барлық адамдар, соның ішінде мүгедектігі бар адамдар үшін инклюзивті қолжетімділікті қамтамасыз ету тенденциясы белсенді дамып келеді. Бұл Біріккен Ұлттар Ұйымының қолдауымен жүзеге асырылатын әртүрлі ғарыштық жобалар мен бағдарламалардан көрініс табады. Сонымен қатар ғарыш қызметін реттейтін халықаралық құқықтық стандарттар бар, олар жалпы шекараларды белгілейді.

Бүгінде мемлекеттердің тек инклюзивті тәсілдерді енгізуге ғана емес, сонымен қатар өздерінің ғарыш саласын жалпы дамытуға уақытылы дайын болуы мәселесі өзекті болып отыр.

Талдау Қазақстанда ғарыш қызметі және әлеуметтік сала бойынша белгілі бір нормативтік база қалыптасқанын көрсетті. Дегенмен мүгедектігі бар адамдарды ғарыш саласына тарту нормалары мен тетіктерін жетілдіру қажет.

БҰҰ шеңберінде қазіргі таңда халықаралық ғарыш құқығының қолданыстағы нормаларын қайта қарау қажеттілігі туындап отыр, өйткені ғарыш технологияларының қарқынды дамуы жағдайында нормалар қазіргі тәжірибеге ілесе алмай жатыр (цифрландыру, жасанды интеллект және т.б. мәселелер ескерілмеген).

Қазақстанға қатысты «Байқоңыр» кешенінің құқықтық мәртебесі мен оның жалға берілуі жағдайында оның әрі қарайғы қызмет ету перспективалары әлі де ашық мәселелер ретінде (құрылымның ескіргендігі, даму үшін үлкен қаржылық қажеттіліктер, екіжақты деңгейде халықаралық құқықтық реттеудің артта қалуы және т.б.) қалып отыр.

Сонымен қатар, қазіргі ғарыш қызметі саласындағы реформа нәтижесінде уәкілетті органның атауынан тіпті ғарыш қызметі немесе аэрокосмостық өнеркәсіпке қатысты тұжырымдамалар алынып тасталды, назар жасанды интеллектке ауыстырылды.

Осы мәселелерді шешу ғарыш саласын жалпы дамытуға жаңа серпін береді деп ойлаймыз және жоғарыда қарастырылған, мүгедектігі бар алғашқы астронавтар мен ғарыш туристері жақын болашақта «Байқоңыр» кешенінің аумағынан ұшырылса, Қазақстан үшін мақтан тұтатын оқиғаға айналары сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі

1. United Nations Disability Inclusion Strategy / URL: <https://www.un.org/en/content/disabilitystrategy/> (access data: 10.07.2025)

2. Space for Persons with Disabilities / URL: <https://www.unoosa.org/oosa/en/ourwork/space4personswithdisabilites/index.html> (access data: 10.07.2025)

3. Куликпаева М.Ж. Некоторые аспекты правового режима космического пространства // Вестник Института законодательства РК. – №4 (53). – 2018. – С.125-127

4. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 мамырдағы № 104-І «Қазақстан Республикасының Ай мен басқа аспан денелерін қоса отырып, ғарыш кеңістігін зерттеу және пайдалану бойынша мемлекеттердің қызметі қағидаттарына қатысты шартқа қосылуы туралы» Заңы / URL: [\[https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z970000104\]](https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z970000104)(<https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z970000104>)_ (қаралған күні: 10.07.2025); Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 мамырдағы № 105-І «Қазақстан Республикасының Айда және басқа аспан денелерінде мемлекеттердің қызметі туралы келісімге қосылуы туралы» Заңы / URL: [\[https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z970000105\]](https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z970000105)(<https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z970000105>)_ (қаралған күні: 10.07.2025); Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 мамырдағы № 106-І «Қазақстан Республикасының ғарышкерлерді құтқару, ғарышкерлерді қайтару және ғарышқа ұшырылған объектілерді қайтару туралы келісімге қосылуы туралы» Заңы / URL: [\[https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z970000106\]](https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z970000106)(<https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z970000106>)_ (қаралған күні: 10.07.2025); Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 мамырдағы № 107-І «Қазақстан Республикасының ғарыш объектілерінен келтірілген залал үшін халықаралық жауапкершілік туралы конвенцияға қосылуы туралы» Заңы / URL: [\[https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z970000107\]](https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z970000107)(<https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z970000107>)_ (қаралған күні: 10.07.2025); Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 мамырдағы № 108-І «Қазақстан Республикасының ғарыш кеңістігіне ұшырылатын объектілерді тіркеу туралы конвенцияға қосылуы туралы» Заңы / URL: [\[https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z970000108_/links\]](https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z970000108_/links)(https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z970000108_/links) (қаралған күні: 10.07.2025).

5. Общая информация о Конвенции. Комитет по правам инвалидов / URL: <https://www.ohchr.org/ru/treaty-bodies/crpd/background-convention> (қаралған күні: 10.07.2025).

6. Конвенция ООН о правах инвалидов / URL: <https://www.ohchr.org/ru/instruments-mechanisms/instruments/convention-rights-persons-disabilities> (дата обращения: 10.07.2025).

7. Замечание общего порядка № 4 (2016) Комитета ООН по правам инвалидов / URL: <https://docs.un.org/ru/CRPD/C/GC/4> (қаралған күні: 10.07.2025)

8. The United Nations Disability Inclusion Strategy / URL: https://www.un.org/en/content/disabilitystrategy/assets/documentation/UN_Disability_Inclusion_Strategy_english.pdf (қаралған күні: 10.07.2025)

9. Первый астронавт с инвалидностью получил разрешение на полет на МКС / URL: <https://www.inbusiness.kz/ru/last/pervyj-astronavt-s-invalidnostyu-poluchil-razreshenie-na-polet-na-mks> (қаралған күні: 10.03.2025)

10. Впервые в космосе побывала женщина на инвалидной коляске (21 декабря 2025 года) URL: <https://forbes.kz/articles/vpervye-vkosmose-pobyvala-zhenshina-na-invalidnoy-kolyaske> (қаралған күні: 24.12.2025)

11. Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтардағы № 528-IV «Ғарыш қызметі туралы» заңы / URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1200000528> (қаралған күні: 10.03.2025)

12. Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 20 сәуірдегі № 224-VII «Әлеуметтік кодексі» / URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/K2300000224/k23_224.htm (қаралған күні: 10.03.2025).

13. Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2024 жылғы 30 желтоқсандағы № 1143 «Қазақстан Республикасында 2025–2030 жылдарға арналған инклюзивті саясат тұжырымдамасын бекіту туралы» қаулысы/ URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2400001143> (қаралған күні: 10.03.2025)

References

1. United Nations Disability Inclusion Strategy / URL: <https://www.un.org/en/content/disabilitystrategy/> (access data: 10.07.2025)

2. Space for Persons with Disabilities / URL: <https://www.unoosa.org/oosa/en/ourwork/space4personswithdisabilites/index.html> (access data: 10.07.2025)

3. Kulikpaeva M.ZH. Nekotorye aspekty pravovogo rezhima kosmicheskogo prostranstva // Vestnik Instituta zakonodatel'stva RK. – №4 (53). – 2018. – S.125-127

4. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 мамырдағы № 104-I «Қазақстан Республикасының Ая мен басқа аспан денелерін қоса отырып, ғарыш кеңістігін зерттеу және пайдалану бойынша мемлекеттердің қызметі қағидаттарына қатысты шартқа қосылу туралы» Заңы / URL: [\[https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z970000104\]](https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z970000104)(<https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z970000104>)_ (қаралған күні: 10.07.2025); Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 мамырдағы № 105-I «Қазақстан Республикасының Аяда және басқа аспан денелерінде мемлекеттердің қызметі туралы келісімге қосылу туралы» Заңы / URL: [\[https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z970000105\]](https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z970000105)(<https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z970000105>)_ (қаралған күні: 10.07.2025); Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 мамырдағы № 106-I «Қазақстан Республикасының ғарышкерлерді құтқару, ғарышкерлерді қайтару және ғарышқа ұшырылған об'ектілерді қайтару туралы келісімге қосылу туралы» Заңы / URL: [\[https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z970000106\]](https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z970000106)(<https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z970000106>)_ (қаралған күні: 10.07.2025); Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 мамырдағы № 107-I «Қазақстан Республикасының ғарыш об'ектілерінен келтірілген залал үшін халықаралық жауапкершілік туралы конвенцияға қосылу туралы» Заңы /

URL:

<https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z970000107>_ (қаралған күні: 10.07.2025); Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 мамырдағы № 108-І «Қазақстан Республикасының ғарыш кеңістігіне ұшырылатын об'ектілерді тиркеу туралы конвенцияға қосылуы туралы» Заңы / URL: [https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z970000108_/links](https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z970000108_/links) (қаралған күні: 10.07.2025).

5. Obshchaya informatsiya o Konvencii. Komitet po pravam invalidov / URL: <https://www.ohchr.org/ru/treaty-bodies/crpd/background-convention> (қаралған күні: 10.07.2025).

6. Konvenciya OON o pravah invalidov / URL: <https://www.ohchr.org/ru/instruments-mechanisms/instruments/convention-rights-persons-disabilities> (data obrashcheniya: 10.07.2025).

7. Zamechanie obshchego poriyadka № 4 (2016) Komiteta OON po pravam invalidov / URL: <https://docs.un.org/ru/CRPD/C/GC/4> (қаралған күні: 10.07.2025)

8. The United Nations Disability Inclusion Strategy / URL: https://www.un.org/en/content/disabilitystrategy/assets/documentation/UN_Disability_Inclusion_Strategy_english.pdf (қаралған күні: 10.07.2025)

9. Pervyj astronaut s invalidnost'yu poluchil razreshenie na polet na MKS / URL: <https://www.inbusiness.kz/ru/last/pervyj-astronavi-s-invalidnostyu-poluchil-razreshenie-na-polet-na-mks> (қаралған күні: 10.03.2025)

10. Vpervye v kosmose pobyvala zhenshchina na invalidnoj kolyaske (21 dekabrya 2025 goda) URL: <https://forbes.kz/articles/vpervye-vkosmose-pobyvala-zhenshchina-nainvalidnoy-kolyaske> (қаралған күні: 24.12.2025)

11. Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтардағы № 528-ІV «Ғарыш қызметі туралы» заңы / URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1200000528> (қаралған күні: 10.03.2025)

12. Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 20 сәуірдегі № 224-VII «Әлеуметтік кодексі» / URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/K2300000224/k23_224.htm (қаралған күні: 10.03.2025).

13. Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2024 жылғы 30 желтоқсандағы № 1143 «Қазақстан Республикасында 2025–2030 жылдарға арналған инклюзивті саясат тұжырымдамасын бекіту туралы» қаулысы / URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2400001143> (қаралған күні: 10.03.2025)

Түсті: 20.12.2025 Мақұлданды: 25.12.2025 Онлайн қолжетімді: 31.12.2025

MPNТИ 10.87.75

DOI: <https://www.doi.org/10.32523/2791-0954-2025-16-4-49-59>

Қазақстан Республикасының ғарыш саласын дамытудағы халықаралық ынтымақтастығының құқықтық негіздері

Қаражан Бекмырза Серікұлы

Философия докторы (PhD)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық құқық кафедрасының аға оқытушысы

Астана, Қазақстан

e-mail: karazhan_bs_3@enu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4927-9634>

Сауан Рабиға Жақыпқызы

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Академиялық мәселелер жөніндегі департаменті, Оқу үдерісін ұйымдастыру бөлімінің бас маманы

Астана, Қазақстан

e-mail: rsauan@mail.ru

Андатпа: Бүгінгі күде ғарышты және аспан денелерін зерттеу, ғарыштық технологияларды дамыту технологиялық тұрғыдан дамыған, озық мемлекеттердің және қаражаты көп жеке меншік компаниялардың қызығушылығына ілігіп отыр. Өз аумағында тарихи маңызы бар Байқоңыр ғарыш айлағының орналасуына байланысты аталмыш бағытта елеулі әлеуетке ие болып отырған Қазақстан Республикасының ғарыш саласын дамытуда халықаралық ынтымақтастықты оңтайлы ұйымдастыру шешуші рөл атқарады. Бұл мақалада Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын ғарышты бейбіт игерудегі мемлекеттік ынтымақтастықты реттейтін негізгі көпжақты және екіжақты халықаралық шарттар қарастырылып, халықаралық ынтымақтастықтың болжамды даму бағыттары зерттеледі. Мақалада Қазақстанның Ресей Федерациясымен және «Бәйтерек» ғарыштық зымыран кешенін әзірлеудегі басқа да негізгі серіктестермен ынтымақтастығына ерекше назар аударылады. Сондай-ақ, осы саладағы ұлттық заңнама мен халықаралық құқық арасындағы байланыс зерттеледі.

Түйін сөздер: халықаралық ғарыш құқығы, халықаралық ынтымақтастық, ғарыш қызметі, Қазақстан Республикасы, Байқоңыр ғарыш айлағы.

The legal basis of international cooperation of the Republic of Kazakhstan in the development of the space industry

Bekmyrza Karazhan

Doctor of Philosophy (PhD)

Senior lecturer of the Department of international law of L.N. Gumilyov ENU
Astana, Kazakhstan,

e-mail: karazhan_bs_3@enu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4927-9634>

Rabiga Sauan

Chief Specialist of the Department of Organization of the educational process,
Department of academic affairs of L.N. Gumilyov ENU

Astana, Kazakhstan

e-mail: rsauan@mail.ru

Abstract: Today, the exploration of outer space and celestial bodies, and the development of space technologies, are of interest to technologically advanced, leading countries and private companies with significant financial resources. Properly organized international cooperation plays a key role in the development of the Republic of Kazakhstan's space industry, which boasts significant potential in the field thanks to the presence of the historically significant Baikonur Cosmodrome. The article examines the main multilateral and bilateral international treaties regulating the interaction of states in the development of the space industry, to which the Republic of Kazakhstan is a party, and also explores possible areas for the development of international cooperation in the future. Particular attention is paid to Kazakhstan's cooperation with the Russian Federation and other key partners in the development of the Baiterek space rocket complex. The relationship between national legislation and international law in this area is also explored.

Keywords: international space law, international cooperation, space activities, Republic of Kazakhstan, Baikonur Cosmodrome.

Правовые основы международного сотрудничества Республики Казахстан в развитии космической отрасли

Каражан Бекмырза Серикович

Доктор философии (PhD)

Старший преподаватель кафедры международного права ЕНУ им. Л.Н. Гумилева

Астана, Казахстан

e-mail: karazhan_bs_3@enu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4927-9634>

Сауан Рабига Жакыпқызы

Главный специалист отдела организации учебного процесса департамента по академическим вопросам ЕНУ им. Л.Н. Гумилева

Астана, Казахстан

e-mail: rsauan@mail.ru

Аннотация: Сегодня исследование космического пространства и небесных тел, развитие космических технологий вызывают интерес технологически развитых, передовых государств и частных компаний с большим количеством финансовых средств. Грамотная организация международного сотрудничества играет ключевую роль в развитии космической отрасли Республики Казахстан, обладающей большим потенциалом в данном направлении благодаря наличию на своей территории исторически значимого космодрома Байконур. В статье рассматриваются основные многосторонние и двусторонние международные договоры, регулирующие взаимодействие государств в сфере развития космической отрасли, участником которых является Республика Казахстан, а также исследуются возможные направления развития международного сотрудничества в будущем. Особое внимание уделено вопросу сотрудничества Казахстана с Российской Федерацией и другими ключевыми партнерами в направлении развития космического ракетного комплекса «Байтерек». Определена взаимосвязь национального законодательства и норм международного права в рассматриваемой отрасли.

Ключевые слова: международное космическое право, международное сотрудничество, космическая деятельность, Республика Казахстан, космодром Байконур.

Кіріспе. XX ғасырдың екінші жартысынан бастап ғарышты бейбіт бағытта игеру, аспан денелерін ғылыми тұрғыда зерттеу бағытында елдер арасында халықаралық ынтымақтастық арта түсті. Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы ғарыш саласының мемлекеттер үшін стратегиялық маңызын одан да арттыра түсті. Бүгінгі күнде ғарыш технологиялары халықаралық байланыс, навигация, климаттық мониторинг, табиғи ресурстарды басқару, жануарлардың трансшекаралық миграциясы, трансшекаралық өзендерді бақылау және төтенше жағдайлардың алдын алу сияқты маңызды бағыттарда кеңінен қолданылады. Осыған байланысты ғарыш қызметінің дамуы, оның халықаралық, трансшекаралық мәселелерді шешуге байланысты кеңінен қолданылуы халықаралық құқықтық реттеуді және мемлекеттер арасындағы тығыз ынтымақтастықты талап етеді.

Қазақстан Республикасының ғарыш кеңістігін халықаралық игерудегі рөлі ерекше. Әлемдегі алғашқы және ең ірі ғарыш айлақтарының бірі – Байқоңыр ғарыш айлағының ел аумағында орналасуы аталмыш салада оның халықаралық аренада маңызын арттырып, ғарыш державаларының қатарында стратегиялық әріптеске айналуына септігін тигізді. Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан Республикасы өз алдына дербес ғарыштық қызметті дамыту саясатын жүргізіп, аталмыш саланы ұлттық экономиканың және ғылыми әлеуеттің басым бағыттарының бірі ретінде айқындады және халықаралық ынтымақтастыққа негізделген даму моделін қалыптастырды. Еліміз 2005 жылы ғарыш

саласындағы өзінің ұлттық компаниясын құрды, бірқатар алыс және жақын шетелдік серіктестермен бірлесіп, жасанды жер серіктерін құрастырып, орбитаға ұшырды, өз аумағында отандық және шетелдік космонавттарды көп рет қарсы алды, ендігі кезекте «Союз-5/Сұңқар» зымыран-тасығышының көмегімен ғарышқа отандық және шетелдік жүктерді жеткізуді жоспарлап отыр. Бұл өз кезегінде ғарыш қызметін ұлттық және халықаралық деңгейде құқықтық реттеуді қажет етеді.

Қазақстан Республикасының ғарыш саласындағы халықаралық ынтымақтастығы жоғары деңгейде тәжірибелік маңызға ие болғанымен, оның құқықтық аспектілері одан да әрі зерттеуді, және Қазақстанның ұлттық мүдделері тұрғысынан халықаралық шарттардың қолданылуы, екіжақты келісімдердің ерекшеліктері және олардың ұлттық заңнамамен арақатынасы терең әрі жан-жақты талдауды қажет етеді. Сонымен қатар, соңғы жылдары ғарыш қызметін коммерцияландыру, аталмыш бағытқа жеке сектордың қатысуы және экологиялық, ақпараттық, ұлттық қауіпсіздік мәселелерінің күшеюіне байланысты туындауы мүмкін жаңа құқықтық проблемалар құқық мамандарының назарында болуы керек деп санаймыз.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу жұмысының аясында Қазақстанның ғарыш саласын дамыту бағытындағы халықаралық шарттарға қатысуының құқықтық салдарлары, сондай-ақ халықаралық жауапкершілік пен міндеттемелердің орындалу ерекшеліктері зерделенді. Халықаралық ғарыш құқығының қалыптасуы мен дамуына ықпал еткен теориялық еңбектер мен ғылыми жарияланымдар және Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасы мен мемлекеттік бағдарламалық құжаттардың халықаралық нормалармен ұштасуы мақалада қамтылған.

Қарастырылып отырған жұмыста бірқатар ғарыш саласын дамытудағы халықаралық-құқықтық актілерге шолу жасалынған. Олардың қатарына 1967 жылғы Мемлекеттердің Айды және басқа да аспан денелерін қоса алғанда, ғарыш кеңістігін зерттеу және пайдалану жөніндегі қызметінің принциптері туралы шарт, 1972 жылғы Ғарыш объектілері келтірген зиян үшін халықаралық жауапкершілік туралы конвенция, 1975 жылғы Ғарыш кеңістігіне ұшырылатын объектілерді тіркеу туралы конвенция және басқа да әмбебап халықаралық құжаттар кіреді. Сонымен қатар зерттеу барысында Қазақстан Республикасының «Ғарыш қызметі туралы» Заңы, Қазақстан мен Ресей Федерациясы арасындағы Байқоңыр ғарыш айлағын жалға беру туралы келісім, мемлекеттік стратегиялық және салалық бағдарламалар, уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми статистикалық деректері мен есептері пайдаланылды.

Зерттеу барысында салыстырмалы-құқықтық әдіс әртүрлі мемлекеттердің ғарыш саласын құқықтық реттеу тәсілдерін салыстыру үшін қолданылды. Әдістемелік негіз ретінде салыстырмалы-құқықтық, формальды-құқықтық және жүйелік талдау әдістері қолданылды. Жұмыстың кей бөліктеріне керекті көп мағлұматты қамтитын ақпарат көздеріне аналитикалық талдауларды жүргізу барысында жасанды интеллект (ChatGPT) көмегі қолданылды.

Нәтижелер мен талқылау. Қазақстан Республикасының ғарыш саласындағы халықаралық ынтымақтастығы күрделі, бірнеше деңгейден тұратын құқықтық реттеу жүйесіне негізделген. Бұл жүйе халықаралық жария құқық нормаларын, екіжақты және көпжақты шарттарды, сондай-ақ ұлттық заңнама нормаларын қамтиды. Бұл аталмыш саладағы елдің халықаралық міндеттемелерін орындаумен қатар, ұлттық мүдделерді қорғауға және ғарыш саласын тұрақты дамытуға бағытталған.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері Қазақстанның Біріккен Ұлттар Ұйымы аясында қабылданған негізгі халықаралық ғарыш шарттарына қатысуы ұлттық ғарыш саясатының құқықтық бағдарын айқындайтынын көрсетті. Атап айтқанда, 1967 жылғы Мемлекеттердің Айды және басқа да аспан денелерін қоса алғанда, ғарыш кеңістігін зерттеу және пайдалану жөніндегі қызметінің принциптері туралы шартта [1] бекітілген ғарыш кеңістігінің «бүкіл адамзаттың игілігі» ретіндегі мәртебесі, оны ұлттық иемденуге тыйым салу және бейбіт мақсатта пайдалану қағидаттары Қазақстан Республикасының ғарыш қызметіне қатысты барлық стратегиялық және нормативтік құжаттарында көрініс тапқан. Конвенцияның 1-бабында «Мемлекеттер Айды және басқа аспан денелерін зерттеудегі халықаралық ынтымақтастыққа жәрдемдеседі және қолдайды», - делінген [1]. Қазақстанның жоғарыда айтылған халықаралық бастамалары осы ережені берік ұстанатындығын көрсетеді. Бұл қағидаттар Қазақстанның ғарыш саласындағы халықаралық беделін нығайтуға және сенімді әріптес ретіндегі рөлін арттыруға ықпал етеді. Аталмыш құжатқа Қазақстан Республикасы 1997 жылы қосылды [2].

1972 жылғы Ғарыш объектілері келтірген зиян үшін халықаралық жауапкершілік туралы конвенцияны талдау нәтижесінде Қазақстан үшін абсолюттік жауапкершілік институтының ерекше маңызға ие екендігі анық. Конвенцияның 12-бабында «келтірілген залал үшін өтемақы халықаралық құқық және әділдік принциптеріне сәйкес айқындалады», - деп көрсетілгендігін атап өткен жөн [3]. Аталмыш конвенцияға еліміз 1997 жылы қосылған. Ел аумағында Байқоңыр ғарыш айлағының орналасуы Қазақстанды ғарыш қызметінен туындауы мүмкін экологиялық, техникалық және құқықтық тәуекелдерге тікелей қатысушы мемлекетке айналдырады. Осы тұрғыда зерттеу нәтижелері Қазақстанның ұлттық заңнамасында экологиялық қауіпсіздік пен тәуекелдерді басқару мәселелерін халықаралық стандарттарға сай жетілдіру қажеттілігін көрсетті. Бұрынғы зерттеулерде ғарыш қызметінің экологиялық салдары жиі қозғалғанмен, Қазақстан жағдайында бұл мәселе көбіне декларативті деңгейден көтерілмеді. Қызылорда облысында зымырандардың құлауына байланысты орын алып жатқан экологиялық зардаптарды ескеретін болсақ, осы бағытта эффективті құқықтық тетіктерді енгізу ұсыныстарын қарастырған жөн деп есептейміз.

1975 жылғы Ғарыш кеңістігіне ұшырылатын объектілерді тіркеу туралы конвенция аясында жүргізілген сараптама нәтижелері Қазақстанның халықаралық есептілік пен ашықтық қағидаттарын берік ұстанатынын

айқындады [4]. Ұлттық ғарыш объектілерінің тіркелуі және Біріккен Ұлттар Ұйымына тиісті ақпараттың ұсынылуы халықаралық ғарыш қызметінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған іс-әрекеттер. Еліміз тарихта ұшырған 3 жасанды жер серіктерін (KazSat-1, KazSat-2, KazSat-3) аталмыш ережелерге сай тіркеуден өткізіп, бүгінгі таңда қолданыста тәжірибе иемденіп жатыр. Бұл Қазақстанның халықаралық тәжірибеге сәйкес әрекет ететінін көрсетіп, бірқатар дамушы мемлекеттермен салыстырғанда институционалдық тұрғыдан алға шыққанын көрсетеді.

Байқоңыр ғарыш айлағының құқықтық режимін реттейтін Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы келісімдердің халықаралық ынтымақтастықтағы алатын орны ерекше. Екі ел ғарыш айлағын бірлесіп қолдану мәселелеріне байланысты 62 екіжақты халықаралық келісімшарт жасасқан [5]. 1994 жылғы жалға беру туралы келісім мен оған қосымша хаттамалар Қазақстанның егемендігі, юрисдикциясы және экологиялық қауіпсіздігі мәселелерін күрделі құқықтық теңгерім негізінде шешуге бағытталған. 2004 жылы екі ел Байқоңыр ғарыш айлағын жалға беру мерзімін 2050 жылға дейін создыртты. Ресей Федерациясының шығысындағы «Восточный» ғарыш айлағын құрастыруына байланысты, соған орай ұшырулардың басым бөлігі сол жақтан атқарлатындығына байланысты аталмыш мерзім қысқаруы да мүмкін деп есептейміз. Сол себепті, біз мұра болып қалған өте қажетті ғарышты инфрақұрылымды тиімді пайдаланудың жолдарын қарастырғанымыз жөн. Әрине, осы жылдарда пайдаланудағы тәуекелдер ескеріліп, жергілікті халықтың қауіпсіздігі қамтамасыз етілуі, олардың экологиялық құқықтарын шектелмеуі басты назарда болуы тиіс.

Бүгінгі күнде екі ел ғарыш аймақтың инфрақұрылымын пайдаланып, «Бәйтерек» ғарыш зымыран кешенін дамытуға тырысып жатыр. Бұл жобаның бастауы 2004 жылы екі ел басшыларының Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасында «Байқоңыр» кешенін тиімді пайдалану туралы келісімшарт жасасып, 2005 жылы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы «Байқоңыр» ғарыш айлағында «Бәйтерек» ғарыш зымыран кешенін құру туралы келісімінен [6] санақ алады. Жақында мемлекет басшысы аталмыш заңға түзетулер енгізу туралы хаттамаға қол қойып, 2027 жылға дейін «Бәйтерек» ғарыш зымыран кешенінен «Союз-5» тасымалдағыш зымыранының кемінде үш сынақтық ұшырылуын жүзеге асырылуы және 2028 - 2039 жылдар аралығы кезеңінде жылына кемінде үш рет ұшыру «Бәйтерек» ғарыш зымыран кешенінен «Союз-5» тасымалдағыш зымыранымен және оның ықтимал модификацияларымен ғарыш аппараттарын орбиталарға шығару бойынша тапсырыстар орналастыру жоспарланып отыр [7].

Аймақтық және институционалдық ынтымақтастықты талдау нәтижелері Қазақстанның ғарыш саласында көпвекторлы саясат ұстанатынын көрсетті. Еуропалық ғарыш агенттігімен, ТМД елдерімен және басқа да халықаралық ұйымдармен әріптестік технология трансфертіне, ғылыми зерттеулерге және кадрлық әлеуетті дамытуға мүмкіндік береді [8]. Бұл тұрғыда алынған нәтижелер

халықаралық тәжірибеде кең таралған кооперациялық модельдермен үндес келеді. Мәселен, Еуропа елдерінің бірлескен ғарыш бағдарламаларымен салыстырғанда, Қазақстанның қатысуы әлі де шектеулі болғанымен, институционалдық негіздің қалыптасуы болашақта интеграцияны тереңдетуге жағдай жасайды.

Ұлттық заңнама мен халықаралық құқық нормаларының өзара байланысын талдау нәтижелері Қазақстан Республикасының «Ғарыш қызметі туралы» Заңы халықаралық міндеттемелерді имплементациялаудың негізгі құралы екенін көрсетті. Заңда халықаралық жауапкершілік, қауіпсіздік және лицензиялау мәселелерінің көрініс табуы халықаралық құқықтың тікелей немесе жанама қолданылуына мүмкіндік береді [9]. Дегенмен, салыстырмалы талдау көрсеткендей, кейбір дамыған мемлекеттердің заңнамасымен салыстырғанда, жеке сектордың қатысуын реттеу және ғарыш қызметін коммерцияландыруға қатысты нормалар әлі де жетілдіруді қажет етеді. Жалпы еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейін ғарыш қызметін қолдау мақсатында төрт мемлекеттік бағдарлама қабылданған. Аталмыш бағдарламалардың олқылықтары Ж. Медеуовтың еңбегінде көрсетілген [10].

Зерттеу нәтижелері ғарыш қызметін коммерцияландыру үрдісінің Қазақстан үшін жаңа құқықтық сын-қатерлер туындататынын айқындады. Жеке компаниялардың ғарыш қызметіне қатысуы халықаралық жауапкершілік мәселесін күрделендіріп, ғарыш қоқысы, деректерді қорғау және киберқауіпсіздік сияқты жаңа проблемаларды алға тартады. Бұл мәселе алдыңғы зерттеулерде жалпы сипатта қарастырылғанымен, Қазақстан контекстінде жүйелі құқықтық талдау жеткіліксіз болған. Осы зерттеу аталған мәселелерді ұлттық құқықтық саясатты жетілдіру қажеттілігімен байланыстыра отырып талқылайды.

Қазақстан Республикасының ғарыш саласындағы халықаралық ынтымақтастығы жалпы алғанда тиімді құқықтық негізге ие, алайда ғарыш қызметінің жаһандық трансформациясы жағдайында бұл негізді үздіксіз жаңғырту қажет. Халықаралық тәжірибемен салыстырмалы талдау Қазақстанның ғарыш құқығы саласында эволюциялық даму жолын таңдағанын және халықаралық стандарттарға бейімделу әлеуетінің жоғары екенін көрсетеді. Бұл зерттеу нәтижелері Қазақстанның ғарыш саясатын құқықтық қамтамасыз етуді жетілдіруге және болашақ ғылыми ізденістерге әдіснамалық негіз бола алады. Қазақстанның «KazSat», «KazEOSat» және басқа да спутниктік жобалары халықаралық әріптестік негізінде жүзеге асырылып, елдің телекоммуникация, экология және қауіпсіздік салаларындағы мүмкіндіктерін кеңейтті. Атап айтқанда, аталмыш спутниктер жерді қашықтан зондтауға мүмкіндік береді [11].

Қорытынды. Қазақстан Республикасының ғарыш саласындағы халықаралық ынтымақтастығы тиімді құқықтық базаға ие, алайда ғарыш қызметін коммерцияландыру, жеке сектордың белсенді қатысуы және экологиялық қауіпсіздік мәселелерінің күшеюі жағдайында бұл базаны одан әрі жетілдіру қажеттілігі туындап отыр. Әсіресе жеке ғарыш компанияларының

жауапкершілігі, ғарыш қоқысы және деректерді қорғау салаларында ұлттық құқықтық реттеуді халықаралық тәжірибеге сәйкес жаңғырту маңызды.

Қарастырылып отырған жұмыстағы мәселелер Қазақстан Республикасының ғарыш саласындағы мемлекеттік саясатын құқықтық қамтамасыз етуді жетілдіруде, халықаралық шарттарды қолдану тәжірибесін жүйелеуде және нормативтік-құқықтық актілерді жаңартуда ескерілуі керек деп санаймыз. Зерттеу қорытындылары халықаралық ғарыш құқығы саласындағы оқу курстарында, ғылыми-зерттеу жұмыстарында және қолданбалы құқықтық талдауларда қолдануға жарамды.

Болашақ зерттеулер үшін ғарыш қызметінің цифрлануы, жеке сектордың халықаралық-құқықтық жауапкершілігі, ғарыш экологиясы және аймақтық ғарыш ұйымдары шеңберіндегі ынтымақтастық мәселелерін тереңдетіп зерделеу перспективалы бағыттар ретінде ұсынылады. Бұл бағыттар Қазақстан Республикасының ғарыш саласын тұрақты және қауіпсіз дамытуға құқықтық негіз қалыптастыруға ықпал етеді.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Бұл зерттеу арнайы қаржыландырусыз жүргізілді.

Әдебиеттер тізімі

1. Мемлекеттердің Айды және басқа да аспан денелерін қоса алғанда, ғарыш кеңістігін зерттеу және пайдалану жөніндегі қызметінің принциптері туралы шарт [Электронды ресурс] БҰҰ ресми сайты, URL: https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/outer_space_governing.shtml (қаралған уақыты: 24.12.2025)

2. Мемлекеттердің Айды және басқа да аспан денелерін қоса ғарыш кеңістігін зерттеу және пайдалану жөніндегі қызметінің принциптері туралы шартқа Қазақстан Республикасының қосылуы туралы Қазақстан Республикасының Заңы [Электронды ресурс] «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000104> (қаралған уақыты: 24.12.2025)

3. Ғарыш объектілері келтірген зиян үшін халықаралық жауапкершілік туралы конвенцияға Қазақстан Республикасының қосылуы туралы Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 мамырдағы N 107 Заңы [Электронды ресурс] «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000107> (қаралған уақыты: 24.12.2025)

4. Ғарыш кеңістігіне жіберілген объектілерді тіркеу туралы конвенцияға Қазақстан Республикасының қосылуы туралы Қазақстан Республикасының Заңы [Электронды ресурс] «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000108> (қаралған уақыты: 24.12.2025)

5. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" кешенін жалға беру Шартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2195 Жарлығы [Электронды ресурс] «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U950002195_/links (қаралған уақыты: 24.12.2025)

6. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы «Байқоңыр» ғарыш айлағында «Бәйтерек» ғарыш зымыран кешенін құру туралы келісімді бекіту туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 21 қазандағы N 82 Заңы [Электронды ресурс] «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000082_ (қаралған уақыты: 24.12.2025)

7. Черненко Л., Когда запустят «Байтерек»: Токаев подписал закон [Электронды ресурс] URL: <https://www.zakon.kz/pravo/6491417-kogda-zapustyat-bayterek-tokaev-podpisal-zakon.html> (дата обращения: 24.12.2025)

8. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының ғарыш кеңістігін бейбіт мақсаттарда зерттеу және пайдалану саласындағы ынтымақтастық туралы конвенциясын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 27 тамыздағы № 138 Жарлығы [Электронды ресурс] «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1900000138> (қаралған уақыты: 24.12.2025)

9. Ғарыш қызметі туралы Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтардағы № 528-IV Заңы [Электронды ресурс] «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1200000528> (қаралған уақыты: 24.12.2025)

10. Медеуов Ж., Государственная политика Казахстана в космической отрасли: от реализации программ развития к формированию институциональной памяти отрасли // Gumilyov Journal of History. 2022. №3 (140). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/gosudarstvennaya-politika-kazahstana-v-kosmicheskoy-otrasli-ot-realizatsii-programm-razvitiya-k-formirovaniyu-institutsionalnoy> (дата обращения: 24.12.2025).

11. Зукай, Ж., & Акшалова, Р. (2025). Жерді қашықтан зондтауды халықаралық-құқықтық реттеудің кейбір мәселелері: <https://www.doi.org/10.32523/2791-0954-2025-15-3-40-49>. *Еуразия халықаралық құқық журналы*, 15(3), 40–49. Retrieved from <https://eajil.enu.kz/index.php/main/article/view/156>

References

1. Memleketterdiñ Aidy jäne basqa da aspan denelerin qosa alğanda, ğaryş keñistigin zertteu jäne paidalanu jönindegi qyzmetiniñ prinsipteri turaly şart [Elektrondy resurs] BÜÜ resmi saity, URL: https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/outer_space_governing.shtml (qaralğan uaqyty: 24.12.2025)

2. Memleketterdiñ Aidy jäne basqa da aspan denelerin qosa ğarys keñistigin zertteu jäne paidalanu jönindegi qyzmetiniñ prinsipteri turaly şartqa Qazaqstan Respublikasynyñ qosyluy turaly Qazaqstan Respublikasynyñ Zañy [Elektrondy resurs] «Ädilet» Qazaqstan Respublikasy normativtik qūqyqtyq aktileriniñ aqparattyq-qūqyqtyq jüiesi URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000104> (qaralğan uaqyty: 24.12.2025)

3. Ğarys obektleri keltirgen zian üşin halyqaralyq jauapkerşilik turaly konvensiağa Qazaqstan Respublikasynyñ qosyluy turaly Qazaqstan Respublikasynyñ

1. 1997 jylğy 15 mamyrdağy N 107 Zañy [Elektrondy resurs] «Ädilet» Qazaqstan Respublikasy normativtik qūqyqtyq aktileriniñ aqparattyq-qūqyqtyq jüiesi URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000107> (qaralğan uaqyty: 24.12.2025)

4. Ğarys keñistigine jiberilgen obektilderdi tirkeu turaly konvensiağa Qazaqstan Respublikasynyñ qosyluy turaly Qazaqstan Respublikasynyñ Zañy [Elektrondy resurs] «Ädilet» Qazaqstan Respublikasy normativtik qūqyqtyq aktileriniñ aqparattyq qūqyqtyq jüiesi URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000108> (qaralğan uaqyty: 24.12.2025)

5. Qazaqstan Respublikasynyñ Ükimeti men Resei Federasiasynyñ Ükimeti arasyndağy "Baiqoñyr" keşenin jalğa beru Şartyn bekıtu turaly Qazaqstan Respublikasy Prezidentiniñ 1995 jylğy 17 säuirdegi N 2195 Jarlyğy [Elektrondy resurs] «Ädilet» Qazaqstan Respublikasy normativtik qūqyqtyq aktileriniñ aqparattyq-qūqyqtyq jüiesi URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U950002195/_links (qaralğan uaqyty: 24.12.2025)

6. Qazaqstan Respublikasynyñ Ükimeti men Resei Federasiasynyñ Ükimeti arasyndağy «Baiqoñyr» ğarys ailağynda «Bäiterek» ğarys zymyran keşenin qūru turaly kelisimdi bekıtu turaly Qazaqstan Respublikasynyñ 2005 jylğy 21 qazandağy N 82 Zañy [Elektrondy resurs] «Ädilet» Qazaqstan Respublikasy normativtik qūqyqtyq aktileriniñ aqparattyq-qūqyqtyq jüiesi URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000082> (qaralğan uaqyty: 24.12.2025)

7. Chernenko L., Kogda zapustät «Baiterek»: Tokaev podpisal zakon [Elektrondy resurs] URL: <https://www.zakon.kz/pravo/6491417-kogda-zapustyat-baiterek-tokaev-podpisal-zakon.html> (data obraşenia: 24.12.2025)

8. Täuelsız Memleketter Dostastyğynyñ ğarys keñistigin beibit maqsattarda zertteu jäne paidalanu salasyndağy yntymaqtastyq turaly konvensiasyn bekıtu turaly Qazaqstan Respublikasy Prezidentiniñ 2019 jylğy 27 tamyzdağy № 138 Jarlyğy [Elektrondy resurs] «Ädilet» Qazaqstan Respublikasy normativtik qūqyqtyq aktileriniñ aqparattyq-qūqyqtyq jüiesi URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1900000138> (qaralğan uaqyty: 24.12.2025)

9. Ğarys qyzmeti turaly Qazaqstan Respublikasynyñ 2012 jylğy 6 qañtardağy № 528-IV Zañy [Elektrondy resurs] «Ädilet» Qazaqstan Respublikasy normativtik qūqyqtyq aktileriniñ aqparattyq-qūqyqtyq jüiesi URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1200000528> (qaralğan uaqyty: 24.12.2025)

10. Medeuov J., Gosudarstvennaia politika Kazahstana v kosmicheskoi otrasli: ot realizasii program razvitia k formirovaniu institusionälnoi pamäti otrasli //

Gumilyov Journal of History. 2022. №3 (140). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/gosudarstvennaya-politika-kazahstana-v-kosmicheskoy-otrasli-ot-realizatsii-programm-razvitiya-k-formirovaniyu-institutsionalnoy> (data obraşenia: 24.12.2025).

11. Zukai, J., & Akşalova, R. (2025). Jerdı qaşyqtan zondtaudy halyqaralyq-qūqyqtyq retteudıñ keibır мәseleleri: <https://www.doi.org/10.32523/2791-0954-2025-15-3-40-49>. Eurazia halyqaralyq qūqyq jurnaly, 15(3), 40–49. Retrieved from <https://eajil.enu.kz/index.php/main/article/view/156>

Түсті: 20.12.2025 Мақұлданды: 25.12.2025 Онлайн қолжетімді: 31.12.2025

MPНТИ 10.87.17

DOI: <https://www.doi.org/10.32523/2791-0954-2025-16-4-60-70>

Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік қолдау мен қорғаудың халықаралық-құқықтық бастамалары мен Қазақстан Республикасында жүзеге асырылуы

Ергалимова Ақбопе Нұрмұханбетқызы

Халықаралық құқық магистрі,

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті докторанты,

Астана қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: akbope_80kz@mail.ru

Аңдатпа: Мақалада мүмкіндігі шектеулі балаларды қоса алғанда, мүмкіндігі шектеулі жандарды әлеуметтік және құқықтық қорғаудың халықаралық-құқықтық тетіктерінің қалыптасуы мен дамуы жан-жақты қарастырылады. Авторлар Еуропалық мемлекеттердегі мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды әлеуметтік қорғау ерекшеліктеріне талдау жасап, бұл бағыттың одан әрі даму эволюциясын айқындайды. Атап айтқанда, зерттеу барысында Адам құқықтары жөніндегі Халықаралық Билль, мүгедектерге қатысты Дүниежүзілік іс-қимыл бағдарламасы, мүгедектерді тең мүмкіндіктермен қамтамасыз етудің біртекті ережелері, сондай-ақ 2008 жылғы 3 наурызда қабылданған БҰҰ-ның Мүгедектердің құқықтары туралы Конвенциясы сияқты негізгі халықаралық құқықтық актілерге ғылыми шолу жасалған.

Мақалада аталған халықаралық құжаттар негізінде Қазақстан Республикасында мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік-құқықтық қорғау және қолдау саласында жүзеге асырылған іс-шаралар кешеніне талдау жүргізіледі. Зерттеу нәтижесінде елімізде мүгедектігі бар тұлғалардың құқықтарын қамтамасыз ету және инклюзивті қоғам қалыптастыруға бағытталған мемлекеттік саясаттың құқықтық, институционалдық және әлеуметтік тетіктері айқындалған.

Түйін сөздер: мүмкіндігі шектеулі адам, Адам құқықтары жөніндегі Халықаралық Билль, мүгедектерге қатысты Дүниежүзілік іс қимыл Бағдарламасы, мүгедектерді теңдей мүмкіндіктермен қамтамасыз етудің біртекті ережелері, Мүгедектердің құқықтары жөніндегі Конвенция, техникалық көмекші құралдар, қолжетімді орта, Ұлттық Жоспар.

International legal initiatives for social support and protection of children with disabilities and their implementation in the Republic of Kazakhstan

Yergalimova Akbope

Master of International Law

Doctoral student of the L.N. Gumilyov Eurasian National University,
Astana, Republic of Kazakhstan
E-mail: akbope_80kz@mail.ru

Abstract: The article examines the formation and development of international frameworks for the social and legal protection of persons with disabilities, including children with disabilities. The authors analyze the specific features of social protection for persons with disabilities in European countries and trace the further evolution of this field. In particular, the study provides a comprehensive overview of key international legal instruments such as the International Bill of Human Rights, the World Programme of Action Concerning Disabled Persons, the general provisions on the equal chances for People with Disabilities, and the UN Convention on the Rights of People with Disabilities adopted on March 3, 2008, which continues to play a crucial role in ensuring the rights of people with disabilities today.

Based on these international documents, the article analyzes the set of measures implemented in the Republic of Kazakhstan aimed at the social and legal protection and support of children with disabilities. The research identifies the main legal, institutional, and social mechanisms developed in Kazakhstan to ensure the rights of persons with disabilities and to promote the formation of an inclusive society.

Keywords: person with disabilities, International Bill of Human Rights, World Programme of Action Concerning Disabled Persons, General provisions on the equal chances for People with Disabilities, Convention on the Rights of People with Disabilities, technical means, accessible environment, National Plan.

Международно-правовые инициативы по социальной поддержке и защите детей с ограниченными возможностями и их реализация в Республике Казахстан

Ергалимова Ақбопе Нұрмұханбетқызы

Магистр международного права

Докторант Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева,

г. Астана, Республика Казахстан

E-mail: akbope_80kz@mail.ru

Аннотация: В статье рассматриваются процессы формирования и развития международно-правовых механизмов социально-правовой защиты лиц с ограниченными возможностями, включая детей с инвалидностью. Авторы анализируют особенности системы социальной защиты инвалидов в европейских странах и прослеживают дальнейшую эволюцию данного направления. В частности, проводится обзор основных международных правовых актов, таких как Международный билль о правах человека, Всемирная программа действий в отношении инвалидов, Стандартные правила

предоставления равноправных возможностей для инвалидов, а также Конвенция ООН о правах инвалидов, принятая 3 марта 2008 года, которая и сегодня сохраняет важное значение в обеспечении прав лиц с инвалидностью.

На основе указанных международных документов проводится анализ комплекса мер, реализованных в Республике Казахстан в области социально-правовой поддержки и защиты детей с инвалидностью. В результате исследования выявлены основные правовые, институциональные и социальные механизмы, направленные на обеспечение прав лиц с инвалидностью и формирование инклюзивного общества в Казахстане.

Ключевые слова: лицо с ограниченными возможностями, Международный билль о правах человека, Всемирная программа действий в отношении инвалидов, Стандартные правила обеспечения равных возможностей для инвалидов, Конвенция о правах инвалидов, технические средства, доступная среда, Национальный план.

Кіріспе.

Мүмкіндігі шектеулі жандарды әлеуметтік қорғау саласының қалыптасуы мен дамуы түрлі мемлекеттің өзіндік тарихи, әлеуметтік және экономикалық, құқықтық ерекшеліктерімен дараланады. Елдің әлеуметтік қорғау жүйесі оның индустриялық даму деңгейіне, экономикалық әлеуетіне және қоғамдық қатынастардың өркендеу үдерісіне тәуелді түрде қалыптасады.

Еуропаның бірқатар мемлекеттерінде мүмкіндігі шектеулі адамдарды әлеуметтік қолдау мен қорғау жөніндегі алғашқы заңнамалық негіздер екінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі кезеңде қабылданған. Бұл құжаттар, негізінен, соғыс ардагерлері мен әлеуметтік тұрғыдан әлсіз топтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған шаралар кешенін қамтыды.

Дегенмен, кейбір мемлекеттерде мүмкіндігі шектеулі адамдарды әлеуметтік қолдау мен оңалту жүйесін құру тек екінші дүниежүзілік соғыстан кейін ғана жүзеге аса бастады. Осы кезеңнен бастап мүгедектердің қоғамға қайта бейімделуін қамтамасыз ететін арнайы құқықтық және институционалдық тетіктер енгізілді.

Мүмкіндігі шектеулі жандар адамзатқа тән негізгі құқықтарды тең негізде, арнайы қорғау шараларынсыз жүзеге асыруға қабілетті деген тұжырымдама ХХ-ғасырдың 70-жылдарының соңына дейін басым болды. Көпшілік мемлекеттердің ұстанымы бойынша, Адам құқықтары жөніндегі халықаралық билльде бекітілген «кемсітушілікке жол бермеу» мен «адамның қадір-қасиетіне құрметпен қарау» қағидалары [1] мүгедектігі бар жандардың құқықтарын толыққанды іске асыру үшін жеткілікті деп есептелді.

Алайда, халықаралық тәжірибе мүгедектік мәселесінің күрделі және көп қырлы екендігін көтерумен ғана шектелмей, мүгедектігі бар жандардың құқықтарын іске асырудың жетілмеген тұстарын айқындап, олардың құқықтарын қорғаудың жеке, дербес құқықтық жүйесін құрудың объективті қажеттілігін де көрсетті.

Материалдар мен тәсілдер (Materials and methods).

Зерттеудің теориялық және нормативтік негізін мүмкіндігі шектеулі адамдардың құқықтарын қорғау мен әлеуметтік қамтамасыз етудің халықаралық-құқықтық құжаттары құрайды. Атап айтқанда, зерттеу барысында адам құқықтары жөніндегі Халықаралық Билль, 1982 жылғы 3 желтоқсандағы БҰҰ-ның мүгедектерге қатысты Дүниежүзілік іс-қимыл бағдарламасы, 1993 жылғы 20 желтоқсанда қабылданған мүгедектерді теңдей мүмкіндіктермен қамтамасыз етудің біртекті Ережелері, сондай-ақ 2008 жылғы 3 наурызда қабылданған БҰҰ-ның мүгедектердің құқықтары туралы Конвенциясы пайдаланылды.

Аталған халықаралық актілер мүмкіндігі шектеулі адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету, әлеуметтік теңдік пен инклюзия қағидаттарын дамыту жөніндегі жаһандық саясаттың қалыптасуында айрықша рөл атқарады және Қазақстан Республикасының әлеуметтік заңнамасының дамуына да елеулі ықпал етті.

Зерттеу нәтижелерінің ғылыми негізділігі мен сенімділігін қамтамасыз ету мақсатында диалектикалық зерттеу әдісі, салыстырмалы-құқықтық талдау, жүйелік-құрылымдық тәсіл, сондай-ақ тарихи-құқықтық талдау әдісі қолданылды. Бұл әдістер халықаралық және ұлттық құқықтық нормалардың өзара байланысын, әлеуметтік саясаттың даму эволюциясын және мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қорғау саласындағы заманауи үрдістерді кешенді түрде зерделеуге мүмкіндік берді.

Талқылау.

Мүгедектік және мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету саласындағы алғашқы халықаралық деңгейдегі маңызды қадам — мүгедектерге қатысты Дүниежүзілік іс-қимыл бағдарламасының қабылдануы болып табылады [2]. Бағдарлама қабылданғанға дейін мүгедектік мәселесіне бағытталған мемлекеттік әлеуметтік саясат, негізінен, медициналық сипаттағы шаралармен шектеліп, мүгедектікке алып келетін себептердің алдын алу мен оңалтуға басымдық берді.

Бағдарламада мүгедектердің қоғамдық өмірге толық және теңдей қатысуы мен дамуын қамтамасыз етуге бағытталған мақсаттар мен міндеттер айқындалды. Бұл халықаралық қауымдастықтың мүгедектік мәселесіне деген көзқарасының түбегейлі өзгергенін және оны тек медициналық тұрғыдан ғана емес, әлеуметтік және құқықтық аспектілерде кешенді түрде қарастырудың қажеттілігін мойындағанын көрсетті.

Бағдарламаның негізгі мақсаты — мүгедектіктің алдын алу, еңбек ету қабілетін қалпына келтіру, мүгедек жандардың әлеуметтік тұрғыда лайықты өмір сүру деңгейі мен жеке тұлға ретінде дамуларына тең жағдайлар иеленулеріне бағытталған тиімді шараларды ілгерілету болды. Бұл бағыттар қоғамдағы барлық адамдар үшін тең өмір сүру мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық дамудың нәтижесінде өмір сүру деңгейінің жақсаруына барша азаматтардың тең үлес қосуына ықпал етуді көздеді.

Бағдарламада белгіленген қағидаттар барлық мемлекеттерге, олардың даму деңгейіне қарамастан, бірдей дәрежеде қолданылуы тиіс деп танылды.

Бағдарлама мүгедектігі бар адамдардың біртекті әлеуметтік топ еместігін атап өтті. Мысалы, психикалық ауруға шалдыққан немесе ақыл-ойы кем жандар, көру, есту, сөйлеу қабілеті бұзылған тұлғалар, сондай-ақ қозғалыс мүмкіндігі шектеулі немесе денсаулығына байланысты еңбекке қабілетсіз адамдар әртүрлі сипаттағы әлеуметтік және физикалық кедергілерге тап болуы мүмкін. Осыған байланысты мүше мемлекеттерге мүгедектер үшін мүмкіндіктерді теңестіруді қамтамасыз ету міндеті жүктелді.

Мүмкіндіктерді теңестіру ұғымы — физикалық және мәдени орта, тұрғын үй мен көлік, әлеуметтік және медициналық қызметтер, білім алу, еңбек ету, мәдени және әлеуметтік өмірге, соның ішінде спорт пен демалысқа тең қолжетімділікті қамтамасыз етуді білдіреді [2]. Бағдарламаның іске асырылуы барысында мемлекеттердің мүгедектікке қатысты түсініктері елеулі өзгерістерге ұшырады. Қоғамда адам өмірінің кез-келген сатысында күтпеген оқыс жағдайлардың салдарынан мүгедек болып қалуы мүмкін екендігі туралы түсінік қалыптасты.

Соның нәтижесінде мүгедек жандарды қоғамның «осал тобы» ретінде қарастырудан бас тартып, олардың әлеуметтік толыққанды субъектілер ретіндегі рөлі мойындалды. Осылайша, «осалдық қағидатының» орнын «әлеуметтік толыққандық қағидаты» басты. Бұл қағидат мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық өмірге бейімделуіне және белсенді қатысуына жағдай жасайтын әлеуметтік және экономикалық инфрақұрылымдарды қалыптастыруды көздеді.

Мүгедектер үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету олардың қоғамдық өмірдің барлық салаларына қолжетімділігімен тікелей байланысты деп танылды. Қолжетімділікті қамтамасыз етудің маңызды құрамдас бөлігі ретінде мемлекеттердің шешім қабылдау үдерістеріне мүгедек адамдардың немесе олардың өкілдерінің үлес қосуын қамтамасыз ету қажеттілігі ерекше назарға алынды.

Дүниежүзілік іс-қимыл бағдарламасында көрініс тапқан басты көзқарастарға сәйкес мүгедек жандарды тең мүмкіндіктермен қамтамасыз етудің біртекті Ережелері [3] қабылданды. Бұл Ережелер халықаралық қоғамдастықтың мүгедек жандардың құқықтарын қорғау мен оларды әлеуметтік өмірге толыққанды қатыстыру бағытындағы жаңа кезеңін айқындады. Біртекті Ережелердің құқықтық және моральдық негізін адамның құқықтары жөніндегі халықаралық Билль, баланың құқықтары жөніндегі Конвенция, әйелдерге қатысты кемсітудің барлық нысандарын жою жөніндегі Конвенция, сондай-ақ мүгедек жандарға қатысты Дүниежүзілік іс-қимыл бағдарламалары құрды.

Мүгедек жандардың құқықтарын халықаралық деңгейде нығайтудағы маңызды қадамдардың бірі — Біріккен Ұлттар Ұйымының мүгедектердің құқықтары туралы Конвенциясының қабылдануы болды. Бұл құжат 2008 жылғы 3 наурызда бекітіліп, мүгедек жандардың адамға тән барлық құқықтар мен бостандықтарды теңдей иеленуін қамтамасыз етуге бағытталды [4].

Конвенцияның басты мақсаты — мүгедектердің құқықтық мәртебесін тану, олардың адамдық қадір-қасиетіне құрметпен қарау және қоғамның барлық саласында тең мүмкіндіктер жасау болып табылады.

Конвенция мүгедектікке қатысты қоғамның көзқарасын өзгертуде шешуші рөл атқарды. Онда әрбір адамның өз өміріне қатысты шешімдерді дербес қабылдау құқығы бар екендігі бекітіліп, мүгедек жандардың дербес құқық иеленушілер мен толыққанды заң субъектілері ретінде танылуы қамтамасыз етілді. Осылайша, мүгедектер әлеуметтік қамқорлықтың объектісі ғана емес, қоғамның белсенді және тең мүшесі ретінде қарастырылды.

Конвенция мүгедек адамдардың құқықтарын қамтамасыз етуде тек материалдық игіліктерге қол жеткізудің маңыздылығына ғана емес, сонымен қатар олардың қоғамдық өмірге тең қатысуына, денсаулық сақтау, білім алу, жұмысқа орналасу, жеке тұлға ретінде дамуға мүмкіндік беретін жағдайларды жасауға ерекше назар аударады. Құжатта мүгедектердің әлеуметке толыққанды кірігуіне тосқауыл болатын әлеуметтік және инфрақұрылымдық кедергілерді анықтау мен жою қажеттілігі нақты көрсетілген.

Мүгедек жандардың лайықты өмір сүру мен әлеуметтік қорғалу құқығы мүгедек жандардың құқықтары туралы Конвенцияның 28-бабында көрініс тапқан. Оған сәйкес: «мүше- мемлекеттер мүгедек жандар мен олардың отбасы мүшелерінің жеткілікті тамақтануға, киімге, тұрғын үйге және тұрмыс сапасын үздіксіз жақсартуға деген құқықтарын мойындайды» [4]. Сонымен қатар, мемлекеттер бұл құқықтардың іске асырылуына бағытталған қажетті шараларды қабылдауға және мүгедектік белгісі бойынша кез келген кемсітушілікке жол бермеуге міндеттенеді.

Қазақстан Республикасы да халықаралық қауымдастықтың осы бағыттағы бастамаларына қосылып, 2008 жылғы желтоқсан айында БҰҰ-ның мүгедектердің құқықтары туралы Конвенциясы мен оған Қосымша хаттамаға қол қойды. Бұл еліміздің мүмкіндігі шектеулі жандардың әлеуметтік және құқықтық қорғалуын, қоғамдық өмірге интеграциялануын қамтамасыз етуге бағытталған батыл қадамы еді.

ҚР-да мүмкіндігі шектеулі жандарды әлеуметтік және құқықтық қорғау ҚР Ата заңы-Конституция (1995.30.08) [5], ҚР Әлеуметтік кодексі (2023.20.04) [6] және өзге де нормативтік-құқықтық актілер негізінде жүзеге асырылады.

Ата заңымызға сай: «мемлекет өз азаматтарына жасына келген, науқастанған, мүгедек болған, асыраушысынан айырылған жағдайларында оған ең төменгі жалақы мен зейнетақының мөлшерінде әлеуметтік қамсыздандырылуына кепілдік береді» [28-бап Конституция]. Мүгедектік жағдайымен ұшырасқан адам әлеуметтік қорғалуға құқылы (ҚР Әлеуметтік кодексі, 10-бап, 5-тармақ) [6]. Ол әртүрлі мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар мен төлемдер нысанында іске асырылады.

Әлеуметтік кодекс мүгедектігі бар жандарға келесідей әлеуметтік төлемдер мен жәрдемақыларды белгілейді:

1. Адамның мүгедектігі бойынша иеленетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақысы;
2. Адамның еңбек қабілеттігін жоғалтуына байланысты тағайындалатын әлеуметтік төлемдер;
3. Мүгедектігі бар балаға күтім көрсетіп отырған ата-анаға, олардың орнын алмастырушыларға (бала асырап алушыларға, қорғаншыларға, қамқоршыларға) тағайындалатын және төленетін мемлекеттік жәрдемақы (бұдан әрі — мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақы);
4. Бірінші топ мүгедектігі бар адамға күтім көрсететін тұлғаға берілетін мемлекеттік жәрдемақы (бұдан әрі — күтім жасайтын адамға берілетін жәрдемақы).

Жоғарыда сөз болған әлеуметтік төлемдер мен жәрдемақылар мүгедектігі бар тұлғалардың материалдық тұрақтылығын қамтамасыз етуге, олардың әлеуметтік осалдығын төмендетуге, сондай-ақ қоғамдық және экономикалық өмірге тең дәрежеде қатысуына жағдай жасауға бағытталған.

Мүгедектігі бар адамдарға арналған мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы республикалық бюджет қаражаты есебінен ай сайын төленеді. Бұл төлемдердің мөлшері сәйкес қаржылық уақыттағы республикалық бюджет туралы заңда белгіленетін ең төменгі күнкөріс деңгейінің өзгеруіне сәйкес қайта қаралады. Осылайша, әлеуметтік жәрдемақылар жүйесі экономикалық жағдайдың өзгермелігін ескере отырып, мүгедектігі бар адамдардың тұрақты әлеуметтік қолдауын қамтамасыз етуге бағытталған:

- Мүгедектігі бар деп танылған уақытта жасы жетіге толмаған балаларға – 1,61 ең төмен күнкөріс деңгейі;
- Бірінші топ мүгедектігі бар деп танылған жеті жастан он сегіз жасқа дейінгі балаларға – 2,20 ең төмен күнкөріс деңгейі;
- екінші топ мүгедектігі бар деп танылған жеті жастан он сегіз жасқа дейінгі балаларға – 1,83 ең төмен күнкөріс деңгейі;
- үшінші топ мүгедектігі бар деп танылған жеті жастан он сегіз жасқа дейінгі балаларға – 1,61 ең төмен күнкөріс деңгейі;
- балалық шақтан бастап бірінші топ мүгедектігі белгіленген адамдарға – 2,20 ең төмен күнкөріс деңгейі;
- Балалық шақтан бастап екінші топ мүгедектігі белгіленген адамдарға – 1,83 ең төмен күнкөріс деңгейі;
- Балалық шақтан бастап үшінші топ мүгедектігі белгіленген адамдарға – 1,61 ең төмен күнкөріс деңгейі (Әлеуметтік кодекстің 177-бабы, 1-бөлігі)

Кодекстің 183-бабының 2-бөлігі мүгедектігі бар деп танылған баланы тәрбиелеп отырған анаға не әкеге, сондай-ақ оларды алмастырушыға (бала асырап алушыға, қорғаншыға, қамқоршыға) мемлекеттік жәрдемақыны белгілейді [6]. Мұндағы мақсат — мүгедектігі бар баланы тәрбиелеу, оған күтім көрсетудан туындайтын әлеуметтік және экономикалық кедергілерді теңгеру,

мүгедектігі бар баланың отбасында қалыпты дамуы мен қоғамға бейімделуіне ыңғайлы жағдай тудыру.

Отбасында екі және\ немесе одан да көп мүгедектігі бар бала болған кезде оларға күтім жасап отырған адамға жәрдемақы мүгедектігі бар әрбір бала бойынша тағайындалады және төленеді. Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінің 184-бабына сәйкес, мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін мемлекеттік жәрдемақы ай сайын республикалық бюджет қаражаты есебінен төленеді және оның мөлшері 1,61 ең төменгі күнкөріс деңгейіне тең болып белгіленеді.

Сонымен қатар, бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға тікелей күтім жасайтын тұлғаға, оның мүгедек адаммен туыстық байланысына қарамастан, күтім жасайтын адамға берілетін жәрдемақы тағайындалады. Бұл норма мүгедектігі бар адамдардың және олардың отбасыларының әлеуметтік қорғалу деңгейін арттыруға бағытталған.

Алайда, әлеуметтік қолдаудың нормативтік-құқықтық тетіктері жеткілікті болып көрінгенімен, мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтік инфрақұрылымға қолжетімділігі мәселесі әлі де болса өзекті күйінде қалып отыр. Өмірдегі тәжірибе көрсеткендей, мұндай балалар мемлекеттік қызметтерге, сондай-ақ денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік, мәдени және спорттық нысандарға қол жеткізуде жиі қиындықтарға тап болады.

Қоғамдық ғимараттардың көпшілігі шын мәнісінде мүмкіндігі шектеулі балалардың қажеттіліктеріне орай бейімделмеген. Мысалы, ғимараттарда орналасқан пандустар мен жеделсатылар қолайсыз жобаланғандықтан оларды қолдану тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларға айтарлықтай қиындықтар тудырады. Нәтижесінде олар өзге ересек адамдардың көмегіне кіріптар күйде қалады. Бұдан ғимараттардың жобалық шешімдері мен инфрақұрылымдық элементтері балалардың нақты қажеттіліктерін ескерместен салынады деген қорытындыға келуге болады.

Бұдан бөлек есту, көру және сөйлеу қабілеттері бұзылған балалар да ақпараттық және коммуникациялық кедергілерге жиі ұшырайды. Денсаулық сақтау мекемелерінде олар өз қажеттіліктеріне сай келетін ақпараттық және тілдік қолдауды ала алмайды, бұл олардың құқықтарының толыққанды жүзеге асырылуын шектейді.

Біздің ойымызша, мүгедектігі бар балаларды әлеуметтік бейімдеу тек қаржылай қолдау деген бір жақты пікірмен қарастырылмауы тиіс. Бұл бағыттағы шаралар инфрақұрылымдарды олардың нақты қажеттіліктеріне сәйкес түрде бейімдеу, ақпаратқа деген қолжетімділікті барынша арттыру және қалыпты инклюзивті орта қалыптастыру түрінде жүйелі түрде іске асырылуын талап етеді.

2016 жылы Еуропа елдерінде жүргізілген зерттеулер медициналық-санитарлық көмекке мұқтаж мүгедектердің 30%-ның сол қызметтерге қолжеткізе алмауларының басты себебін қызмет құнының қымбаттылығымен байланыстырған. Осы мәселеге қатысты мемлекеттер арасында айтарлықтай

айырмашылық орын алған: Данияда мүгедек адамдардың тек 16% кедергені бағаның қымбаттығымен байланыстырса, Италияда бұл көрсеткіш 94% құраған. [7].

Қымбат емес және қолжетімді баспананың болуы, дұрыс тамақтану, қажетті дәрумендер қабылдау, таза ауыз суды пайдалану сияқты қарапайым қажеттіліктер адам денсаулығын сақтаудың маңызды алғышаттары болып табылады. Еуропа елдеріндегі 16 жастан асқан мүгедектігі бар адамдардың 6,9%-ы қолайсыз тұрғын үй жағдайында өмір сүруде. Ішкі санитариялық тораптардың болмауы (яғни физикалық қол жетімді дәретхана) мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін, әсіресе қозғалу мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін айтарлықтай ауыртпалық болып табылады [8]

Мүгедектердің құқықтары туралы Конвенцияның негізгі қағидаттарының бірі — қолжетімділік қағидаты. Бұл қағидат мүгедектігі бар адамдардың дербес өмір сүруін, сондай-ақ олардың қоғамдық өмірге толыққанды және жан-жақты қатысуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Конвенция мүше мемлекеттерге мүгедектігі бар жандардың тек дамыған қалаларда емес, ауылдық елді мекендерде құрылыс нысандарының, қозғалыс құралдарының, сыртқы және ішкі қолжетімділік нысандарының (мектептер, тұрғын үйлер, медициналық мекемелер, жұмыс орындары және т.б.) пайдалану ынғайлылығын шектейтін кедергілерді анықтау және жою жөнінде нақты шаралар қабылдауды міндеттейді.

Қолжетімділікті қамтамасыз ету жөніндегі шаралар кешені Конвенция талаптарына сәйкес төмендегідей бағыттарды қамтиды:

а) ішкі және сыртқы объектілерге, сондай-ақ халыққа көрсетілетін қызмет түрлеріне қатысты ең төменгі стандарттар мен нұсқаулықтардың әзірленуі, оларды күнделікті қолданысқа енгізу және орындалуын қадағалау;

ә) халыққа қызмет көрсететін жекеменшік ұйымдар мен мекеме нысандары мен қызметтерінің де мүгедектігі бар жандарға үшін қолжетімділігі;

б) мүгедектігі бар жандарға қызмет көрсететін субъектілердің мүгедек жандар ұшырауы мүмкін кедергілер мен мәселелер жөнінде хабарлығын арттыру;

в) халыққа арналған ғимараттар мен өзге де объектілердің Брайль қарпімен белгіленген ақпараттармен жабдықталуы, сондай-ақ оларға ұсынылатын мәліметтердің оқуға жеңілдігі мен түсініктілігі;

г) қолжетімділікті арттыру мақсатында сурдоаудармашылар, жолсеріктер және өзге де көмекшілердің қызметіндегі үйлесімділік;

ғ) мүгедек жандардың ақпаратқа қол жеткізуін жақсартуда көмек пен қолдаудың қосымша нысандарын дамыту;

д) мүгедектердің жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен жүйелерге, соның ішінде ғаламторға қолжетімділігін кеңейту;

е) ақпараттық технологиялар мен жүйелерді қолжетімді және инклюзивті ету мақсатында олардың жобалануы, әзірленуі және таратылуының бастапқы кезеңінен-ақ қолжетімділік талаптарын ескеруді ынталандыру [4].

Аталған қағидаттар мүгедектігі бар адамдардың қоғамның барлық саласында тең дәрежеде өмір сүруі мен дамуы үшін инклюзивті әлеуметтік орта қалыптастырудың маңызды тетігі болып табылады. Қолжетімділікті қамтамасыз ету тек физикалық инфрақұрылымды бейімдеуді ғана емес, сонымен қатар ақпараттық, технологиялық және коммуникациялық кедергілерді жоюды да қамтиды.

Нәтижелер мен қорытынды (Results and conclusions).

Әлеуметтік кодекстің қабылдануы, ұлттық жоспарлар мен мемлекеттік бағдарламалардың кезең-кезеңімен іске асырылуы мүгедектігі бар тұлғалардың қоғам өміріне теңдей қатысуын қамтамасыз етуге бағытталған институционалдық және құқықтық тетіктердің дамығанын дәлелдейді. Сонымен қатар, қолжетімді және кедергісіз орта құру, ақпараттық-коммуникациялық қолжетімділікті кеңейту, техникалық және оңалту құралдарымен қамтамасыз ету сынды шаралар олардың әлеуметтік интеграциясына оң әсер етті.

Қорыта айтқанда, Қазақстан Республикасында мүмкіндігі шектеулі балалар мен мүгедектігі бар адамдарды қоғамдық өмірге толыққанды кіріктіру ісі мемлекеттік әлеуметтік саясаттың басым бағыты болып табылады. Алдағы уақытта да мемлекет инклюзивті қоғам құру, азаматтардың тең құқықтары мен мүмкіндіктерін қамтамасыз ету жолындағы іс-шараларды жүйелі түрде жалғастыратыны сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі

1. Международный билль о правах человека.
https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/hr_bill.shtml#content
2. Всемирная программа действий в отношении инвалидов. Принята резолюцией 37/52 Генеральной Ассамблеи от 3 декабря 1982 года.
https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/prog1.shtml
3. Стандартные правила обеспечения равных возможностей для инвалидов. Приняты резолюцией 48/96 Генеральной Ассамблеи от 20 декабря 1993 г.
https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/disabled_intro.shtml
4. Конвенция о правах инвалидов. Принята резолюцией 61/106 Генеральной Ассамблеи ООН от 13 декабря 2006 года.
https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/disability.shtml
5. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30.08.1995ж.
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>
6. ҚР әлеуметтік кодексі. 20.04.2023ж.
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2300000224>
7. ИНФОРМАЦИОННЫЙ БЮЛЛЕТЕНЬ Цели в области устойчивого развития: задачи в области здравоохранения.
https://www.un.org/ru/development/devagenda/pdf/Russian_Why_it_matters_Goal_3_Health.pdf

8. Saunders M, Barr B, McHale P, Hamelmann C. Ключевые меры политики для воздействия на социальные детерминанты здоровья и сокращения неравенства в отношении здоровья. Копенгаген: Европейское региональное бюро ВОЗ; 2017 г. (Сводный доклад №52 Сети фактических данных в отношении здоровья (СФДЗ))

<https://iris.who.int/bitstream/handle/10665/338723/9789289052818-rus.pdf?sequence=3&isAllowed=y>

References

1. Mezhdunarodnyj bill' o pravah cheloveka. https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/hr_bill.shtml#content
2. Vsemirnaya programma dejstvij v otnoshenii invalidov. Prinyata rezolyuciej 37/52 General'noj Assamblei ot 3 dekabrya 1982 goda. https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/prog1.shtml
3. Standartnye pravila obespecheniya ravnyh vozmozhnostej dlya invalidov. Prinyaty rezolyuciej 48/96 General'noj Assamblei ot 20 dekabrya 1993 g. https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/disabled_intro.shtml
4. Konvenciya o pravah invalidov. Prinyata rezolyuciej 61/106 General'noj Assamblei OON ot 13 dekabrya 2006 goda. https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/disability.shtml
5. Kazakstan Respublikasynyn Konstituciyasy. 30.08.1995zh. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>
6. KR aleumettik kodeksi. 20.04.2023zh. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2300000224>
7. INFORMACIONNYJ BYuLLETEN' Celi v oblasti ustojchivogo razvitiya: zadachi v oblasti zdravoohraneniya. https://www.un.org/ru/development/devagenda/pdf/Russian_Why_it_matters_Goal_3_Health.pdf
8. Saunders M, Barr B, McHale P, Hamelmann C. Klyuchevye mery politiki dlya vozdejstviya na social'nye determinanty zdorov'ya i sokrashcheniya neravenstva v otnoshenii zdorov'ya. Kopengagen: Evropejskoe regional'noe byuro VOZ; 2017 g. (Svodnyj doklad №52 Seti fakticheskikh dannyh v otnoshenii zdorov'ya (SFDZ)) <https://iris.who.int/bitstream/handle/10665/338723/9789289052818-rus.pdf?sequence=3&isAllowed=y>

Түсті: 25.12.2025 Мақұлданды: 29.12.2025 Онлайн қолжетімді: 31.12.2025

MPNТИ 10.87.79

DOI: <https://www.doi.org/10.32523/2791-0954-2025-16-4-71-84>

Қазақстан Республикасы мен Еуропалық одақтағы контрафактілік тауарларға қатысты шекара шараларын құқықтық реттеу

Нуртай Мадина Нуртаевна

Заң ғылымдарының магистрі,

М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті мемлекеттік және әкімшілік құқық кафедрасының аға оқытушысы,

Тараз, Қазақстан.

e-mail: madinur@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-0881-145X>

Андатпа: Зерттеу зияткерлік меншік құқықтарын қорғаудың халықаралық стандарттары контекстінде Қазақстан Республикасында және Еуропалық Одақта контрафактілік тауарларға қарсы іс-қимылды құқықтық реттеуге арналған. Жұмыстың мақсаты – құқық иеленушілердің құқықтарын тауарлардың кедендік шекарадан өтуі кезінде қорғау механизмдерін кешенді талдау, сондай-ақ кедендік бақылау шараларын қолдануда ұлттық және наднационалдық тәсілдерді салыстыру. Зерттеудің теориялық негізін ТРИПС жөніндегі келісімі, ЕАЭО мен ҚР-дың кеден заңнамасы, ЕО-ның №608/2013 Регламенті, сонымен қатар сот тәжірибесі мен құзыретті органдардың құқықтық ұстанымдары құрайды. Зерттеу нәтижесінде ЕО моделі жоғары дәрежеде интеграцияланған және рәсімдерінің біріздендірілгендігімен сипатталатыны, ал Қазақстанда қорғаудың екі деңгейлі жүйесі – ұлттықтан жоғары (ЕАЭО шеңберінде) және ұлттық деңгейде қолданылатыны анықталды. Зерттеу қорытындысында рәсімдерді одан әрі цифрландырудың, ex officio тетігін күшейтудің және трансшекаралық ынтымақтастықты кеңейтудің өзектілігі негізделді. Зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы кедендік реттеуді жетілдіруге, құқық қолдану тәжірибесін біріздендіруге және трансшекаралық сауда көлемінің өсу жағдайында зияткерлік меншік құқықтарын қорғау тиімділігін арттыруға ресурстық база ретінде қолдану мүмкіндігімен айқындалады.

Түйін сөздер: шекаралық шаралар, құқықтық реттеу, контрафактілік тауарлар, зияткерлік меншік, ДСҰ, ЕО, ЕАЭО.

Legal regulation of border measures in relation to counterfeit goods in the Republic of Kazakhstan and the European Union

Nurtay Madina

Master of law,

senior lecturer at the Department of State and administrative law of Taraz university named after M. Kh. Dulaty,
Taraz, Kazakhstan.
e-mail: madinur@mail.ru
ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-0881-145X>

Abstract: The study is devoted to the legal regulation of combating counterfeit goods in the Republic of Kazakhstan and the European Union in the context of international standards for the protection of intellectual property. The purpose of the research is to provide a comprehensive analysis of mechanisms for protecting the rights of rightholders when goods cross the customs border, as well as a comparative examination of national and supranational approaches to the application of customs control measures. The theoretical framework of the study is based on the TRIPS Agreement, the customs legislation of the EAEU and the Republic of Kazakhstan, EU Regulation No. 608/2013, as well as judicial practice and legal positions of competent authorities. The findings demonstrate that the legal model of the European Union is characterized by a high degree of integration and procedural uniformity, whereas the Republic of Kazakhstan applies a two-tier protection mechanism operating at both the supranational level (within the EAEU) and the national level. The conclusion substantiates the need for further digitalization of procedures, strengthening of the ex officio mechanism, and expansion of cross-border cooperation. The practical significance of the research lies in the possibility of using its results to improve the customs regulation system, unify law enforcement practice, and enhance the effectiveness of intellectual property rights protection in the context of growing cross-border trade.

Keywords: border measures, legal regulation, counterfeit goods, intellectual property, WTO, EU, EAEU.

Правовое регулирование пограничных мер в отношении контрафактных товаров в Республике Казахстан и Европейском союзе

Нуртай Мадина Нуртаевна

Магистр юридических наук,
старший преподаватель кафедры государственного и административного права Таразского университета им. М. Х. Дулати,
Тараз, Казахстан.
e-mail: madinur@mail.ru
ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-0881-145X>

Аннотация: Исследование посвящено правовому регулированию противодействия контрафактическим товарам в Республике Казахстан и Европейском Союзе в контексте международных стандартов охраны интеллектуальной собственности. Цель работы заключается в комплексном

анализе механизмов защиты прав правообладателей при пересечении товарами таможенной границы, а также в сравнительном исследовании национальных и наднациональных подходов к применению мер таможенного контроля. Теоретическую основу исследования составляют Соглашение по ТРИПС, таможенное законодательство ЕАЭС и РК, Регламент ЕС №608/2013, а также судебная практика и правовые позиции компетентных органов. В результате установлено, что правовая модель Европейского Союза характеризуется высокой степенью интеграции и унифицированностью процедур, тогда как в Республике Казахстан действует двухуровневый механизм защиты – на наднациональном уровне (в рамках ЕАЭО) и на национальном. В заключении обоснована необходимость дальнейшей цифровизации процедур, усиления механизма *ex officio* и расширения трансграничного сотрудничества. Практическая значимость исследования заключается в возможности использования его результатов для совершенствования системы таможенного регулирования, унификации правоприменительной практики и повышения эффективности защиты прав интеллектуальной собственности в условиях роста трансграничной торговли.

Ключевые слова: пограничные меры, правовое регулирование, контрафактные товары, интеллектуальная собственность, ВТО, ЕС, ЕАЭС.

Кіріспе.

Зияткерлік меншікті қорғау мәселесі соңғы уақытта заң шығарушылар, бизнес құрылымдары, құқық иеленушілер және, ақырында, тұтынушылар деңгейінде барған сайын өзекті әрі кеңінен талқыланатын тақырыпқа айналып отыр. Контрафактілік өнімдердің сатылымының артуы – бүкіл әлемдік қауымдастық үшін өзекті мәселе болып табылады және ол тек құқық иеленушілердің зияткерлік құқықтарының бұзылуына, түпнұсқа тауарларға сұраныстың төмендеуіне, кірістердің азаюына ғана емес, сонымен қатар мемлекеттің инвестициялық тартымдылығын төмендетіп, экономикалық өсімге кедергі келтіретін жалпыұлттық қатерге айналып келеді. Контрафактілік тауарлар тұтынушылар үшін әрдайым қауіп төндіреді. Себебі жалған өнімдерді өндіру кезінде стандарттар, нормалар мен қауіпсіздік техникасы талаптары сирек сақталады, бұл өз кезегінде адам денсаулығы мен өміріне зиян келтіруі мүмкін. Контрафактілік тауарларды анықтау және олардың елдің ішкі нарығына енуін болдырмау – кеден органдарының негізгі міндеттерінің бірі болып табылады (Алиев, 2016). Олардың тиімділігі контрафактілік өнімді нарыққа түспей тұрып анықтауға және тәркілеуге бағытталған қатаң кедендік рәсімдердің сақталуына тікелей байланысты. Контрафактілік өнімдерді анықтаудың заманауи әдістерін енгізу арқылы кеден қызметкерлері заңды тауарлар мен жалған өнімдерді ажырата алады, осылайша тұтынушыларды да, бренд беделін де қорғайды. Контрафактілік өнімдерге қарсы іс-қимыл саясаты тек жекелеген мемлекеттердің күш-жігерімен ғана емес, сонымен қатар халықаралық қауымдастықтың және интеграциялық бірлестіктердің бірлескен шаралары негізінде қалыптасып, жүзеге асырылады. Бұл бағытта контрафактілік

өнімдермен күресудің елеулі тәжірибесін жинақтап, қолданылып жүрген шараларды үнемі жетілдіріп келе жатқан мысалдардың бірі – Еуропалық Одақ болып табылады (Шугуров, 2021).

Осылайша, бұл зерттеудің мақсаты – контрафактілік тауарлардың транзит кезінде таралуына қарсы күресте қолданылатын маңызды құқық қолдану тетігі ретінде шекаралық бақылаудың рөлін зерттеу болып табылады. Осы мақсатта негізгі назар жалған өнім өндірушілер мен таратушылар қолданатын тәсілдерді талдауға және кеден органдары тап болатын өзекті мәселелерді айқындауға аударылады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмысы контрафактілік тауарларға қатысты шекара шараларын реттеуді кешенді түрде зерделеуге бағытталған. Бұл үшін салыстырмалы-құқықтық, жүйелі және құрылымдық тәсілдер негізінде жүргізілді. Сондай-ақ, контрафактілік тауарлармен күрес және зияткерлік меншік құқықтарын кедендік қорғау саласындағы құқықтық реттеу мәселелерін талдауда келесі материалдар кешені пайдаланылған: ТРИПС жөніндегі келісім, ЕО-ның № 608/2013 Регламенті, ЕАЭО туралы шарт секілді халықаралық құқықтық құжаттар.

Нәтижелер мен талқылау

Контрафактілік өнімді тарату проблемасы Қазақстан Республикасының экономикасына елеулі зиян келтіреді, адал өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігіне нұқсан келтіреді және тұтынушылардың мүдделеріне қауіп төндіреді. Мүше мемлекеттер арасындағы кедендік шекаралар жойылған Еуразиялық экономикалық одақ жағдайында Зияткерлік меншік құқықтарын қорғау Одақтың сыртқы шекарасына ауысты. ҚР кеден органдары мемлекеттік кірістер жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде контрафактіні әкелудің алдын алуда шешуші рөл атқарады.

Қазақстан Республикасының «Кедендік реттеу туралы» кодексінің 12-бабының 2-тармағының 7-тармақшасына сәйкес, зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғауды қамтамасыз ету функциялары Қазақстан Республикасының кеден органдарына жүктелген. Осы өкілеттіктер аясында кеден органы Қазақстан Республикасының зияткерлік меншік объектілерінің кедендік тізілімін жүргізеді. Аталған тізілім зияткерлік меншік иелерінің өтінімдері негізінде және Кодекспен белгіленген тәртіпке сәйкес қалыптастырылады (461-бап). Егер кеден органы Қазақстан Республикасының зияткерлік меншік объектілерінің кедендік тізілімін енгізілген зияткерлік меншік объектісіне құқық иеленушінің құқықтарын бұзу белгілерін анықтаса, мұндай тауарлардың шығарылуын 10 жұмыс күніне дейін тоқтата тұрады (198-баптың 1-тармағы). Сонымен қатар, кеден органы тауарлардың шығарылуын тоқтату туралы шешім қабылданған күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей, бұл шешім туралы декларант пен құқық иеленушіні, сондай-ақ тоқтата тұрудың себептері мен мерзімдері жөнінде хабардар етуге міндетті (198-баптың 5-

тармағы). Осылайша, зияткерлік меншік иеленушісі Қазақстан Республикасының аумағына контрафактілік тауарлардың әкелінуін уақтылы алдын алу және өз құқықтарын қорғау мүмкіндігіне ие болады (ҚР «Кедендік реттеу туралы» кодексі, 2017).

Тауарларды шығаруды тоқтата тұру мерзімі, сондай-ақ, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің зияткерлік меншік объектілерінің бірыңғай кедендік тізіліміне енгізілген зияткерлік меншік объектілеріне құқық иеленушілердің құқықтарын бұзу белгілері анықталған жағдайда, кеден органдарының бастамасымен жүзеге асырылуы мүмкін. Аталған тізілім Еуразиялық экономикалық комиссия тарапынан ЕАЭО-ға мүше әрбір мемлекет аумағында қорғалатын зияткерлік меншік объектілерінің құқық иеленушілерінің өтінімдері негізінде жүргізіледі.

Кеден органы шығаруды тоқтата тұру туралы шешім қабылдаған жағдайда, декларант пен құқық иеленушіге кеден органының рұқсатымен тауарлардың зерттелуіне арналған сынамалар мен (немесе) үлгілерді іріктеуге, сондай-ақ мұндай тауарларды қарауға, фотосуретке түсіруге немесе өзге тәсілдермен тіркеуге құқық беріледі (198-баптың 14-тармағы).

Осылайша, ЕАЭО шеңберіндегі бірыңғай кедендік тізілім жүйесі зияткерлік меншік құқықтарын бұзу тәуекелдерін анықтау және олардың бұзылуының жолын кесу мақсатында кеден органдарына уақтылы әрекет етуге мүмкіндік береді.

Кеден кодексінің 198-бабының 2-тармағына сәйкес, егер құқық иеленуші өз құқықтарын қорғау мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сотқа жүгінген жағдайда, тауарларды шығаруды тоқтата тұру мерзімі құқық иеленушінің өтініші бойынша кеден органы арқылы ұзартылуы мүмкін, бірақ 10 жұмыс күнінен аспауы тиіс.

Сонымен қатар, егер кеден органына тауарлардың тәркіленуін, оларға тыйым салынуын немесе олардың конфискацияланғанын растайтын құжаттар, не болмаса зияткерлік меншік объектісіне құқықтарды бұзу туралы талап қою бойынша азаматтық істі қозғау жөнінде судьяның ұйғарымы ұсынылған жағдайда, зияткерлік меншік объектілерін қамтитын тауарларды шығаруды тоқтата тұру мерзімі, сондай-ақ осындай тауарларды уақытша сақтау мерзімі құқық иеленушінің талабы бойынша сот шешімі заңды күшіне енгенге дейін ұзартылуы мүмкін (198-баптың 6-тармағы).

ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің Бірыңғай кедендік тізіліміне және Қазақстан Республикасының зияткерлік меншік объектілерінің ұлттық кедендік тізілімін енгізілуі мүмкін зияткерлік меншік объектілеріне авторлық және сабақтас құқық объектілері, тауар таңбалары, қызмет көрсету белгілері және тауарлардың шыққан жерінің атаулары жатады (459-баптың 3-тармағы, 461-баптың 1-тармағы).

Қорғау мерзімі ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің Бірыңғай тізіліміне немесе Қазақстан Республикасының тізіліміне зияткерлік меншік объектісін енгізу кезінде кеден органдары тарапынан құқық иеленушінің өтінішінде көрсетілген мерзімді, сондай-ақ өтінішке қоса берілген құжаттардың қолданылу мерзімін

ескере отырып белгіленеді, бірақ ол екі жылдан аспауы тиіс (464-баптың 1-тармағы). Аталған мерзім құқық иеленушінің өтініші бойынша шексіз рет ұзартылуы мүмкін, бірақ әр жолы екі жылдан аспауы тиіс. Сонымен қатар, кеден органдары ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің Бірыңғай тізіліміне немесе Қазақстан Республикасының тізіліміне енгізілмеген зияткерлік меншік объектілеріне қатысты тауарларды шығаруды тоқтата тұруға құқылы, бұл әрекет *ex officio* (латынша — «лауазымдық құқығы негізінде») қағидатына сүйеніп жүзеге асырылады (199-бап) (ҚР «Кедендік реттеу туралы» кодексі, 2017).

Контрафактілік тауарларға қатысты шекаралық шараларды құқықтық реттеу жүйесі Қазақстан Республикасында ЕАЭО-ның ұлттықтан жоғары құқықтық базасына интеграцияланған, сонымен қатар ұлттық қорғау тетіктерін сақтай отырып қызмет етеді. «Кедендік реттеу туралы» ҚР кодексі тауарлардың шығарылуын тоқтата тұрудың нақты рәсімдерін белгілей отырып, құқық иеленушілер мен сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың мүдделері арасындағы теңгерімді қамтамасыз етеді.

Контрафакт мәселесі ЕО экономикасына, тұтынушылардың қауіпсіздігіне және инновациялық дамуға үлкен қауіп төндіреді. ЕО кеден органдары контрафактілік өнімнің бірыңғай нарыққа енуіне жол бермеуде шешуші рөл атқарады. Осы мақсатта зияткерлік меншік құқығын бұзатын тауарларға қатысты шекаралық шараларды қолдануды реттейтін ЕО-ның нормативтік-құқықтық базасын талдау және осы тетіктердің тиімділігін бағалау болып табылады.

ЕО-дағы құқықтық реттеу мүше мемлекеттерді құқық иелеріне кеден органдарына болжамды контрафактілік тауарларды шығаруды тоқтата тұру туралы өтініш жасауға мүмкіндік беруге міндеттейтін ТРИПС жөніндегі келісімінің ережелеріне негізделген (TRIPS, 1994). Еуропалық Одақтағы алғашқы маңызды бастама ЕО-ның № 1383/2003 Регламенті болды, ол бұрынғы заңнаманы алмастырды. Бұл құжат зияткерлік меншік құқықтарын кедендік қорғау саласындағы бірыңғай қағидалар мен рәсімдерді белгілегенімен, уақыт өте келе оны жаңарту қажеттілігі туындады. Қазіргі уақытта негізгі қолданыстағы құқықтық акт болып табылатын — Еуропалық Парламент пен Кеңестің 2013 жылғы 12 маусымдағы № 608/2013 Регламенті «Кеден органдары тарапынан зияткерлік меншік құқықтарын қорғау туралы». Бұл Регламент ЕО-ның №1383/2003 Регламентін алмастырды және ЕО аумағында зияткерлік меншік құқықтарын қорғаудың бірыңғай және тиімді тетігін бекітті (Regulation, 2013).

ЕО-ның №608/2013 Регламенті зияткерлік меншік объектілерінің шекарада қорғалатын түрлерінің тізбесін кеңейтті. Атап айтқанда, ол тауардың шыққан жерінің атауларын, географиялық көрсеткіштерді, патенттер мен өсімдік сорттарын (ұлттық заңнама талаптарын сақтаған жағдайда) қорғауға енгізді. Регламент аясында жаңа тетік енгізілді — ұсталынған тауарларды жоюдың жеңілдетілген рәсімі, егер құқық иеленуші мен декларант (не тауар иесі) олардың жойылуына келіссе, қолдануға болады. Бұл тетік контрафактілік өнімдерге қарсы күрес процесін айтарлықтай жеделдетеді. Сонымен қатар, Регламент

пошта немесе курьерлік қызметтер арқылы жөнелтілетін ұсақ партиялы тауарларға арналған арнайы ережелерді көздейді, бұл электрондық сауданың қарқынды дамуы жағдайында ерекше өзекті болып табылады (Regulation, 2013). Кеден органдарының іс-қимылының негізі — құқық иеленушінің тиісті ЕО мүше мемлекеттің уәкілетті кеден органына шаралар қабылдау туралы өтініш (AFA) беруі болып табылады. Құқық иеленуші бір мүше мемлекетке өтініш беріп, оң шешім алған жағдайда ол басқа барлық ЕО мемлекеттеріне таратылады, бұл сыртқы шекараларда бақылаудың бірізділігі мен тиімділігін қамтамасыз етеді. Шара қолдану туралы шешімнің қолданылу мерзімі — бір жыл, әрі оны ұзарту мүмкіндігі қарастырылған (Drexl, 2012). Зияткерлік меншік құқықтарын бұзу белгілері анықталған жағдайда кеден органдары тауарлардың шығарылуын тоқтата алады. Бұл ретте, кеден органдары құқық иеленуші мен декларантты (не тауар иесін) дереу хабардар етуге міндетті. Құқық иеленуші құқық бұзушылықты дәлелдейтін айғақтарды ұсынуы тиіс. Егер бұзу фактісі расталып, тараптар келісім білдірсе, тауарлар жойылады. Ал егер келісімге қол жеткізілмесе, құқық иеленуші ұлттық сотқа жүгініп, сот тәртібімен іс қозғауы тиіс (Stamatoudi, 2015).

ЕО-ның № 608/2013 Регламенті кеден органдарына өз бастамасымен (*ex officio*) әрекет етуге, яғни қолданыстағы құқық иесінің өтініші (AFA) болмаса да, зияткерлік меншік құқықтарының бұзылуына күдік болған жағдайда тауарлардың шығарылуын тоқтата тұруға мүмкіндік береді. Құқық қолдану тәжірибесінде ұзақ уақыт бойы негізгі мәселе — ЕО нарығына шығарылуы көзделмеген транзиттік тауарларды ұстау мүмкіндігі болып келді.

ЕО Сотының сот тәжірибесі бұл мәселеге айтарлықтай айқындық енгізді: Philips/Nokia ісі (2011 жылы орын алған жағдай) — Сот кедендік рәсімдерге (мысалы, транзитке) жатқызылған контрафактілік тауарлар кеден рәсімінен тыс айналымға шығарылу және ЕО ішкі нарығына түсу қаупі болған жағдайда ұсталып қалуы мүмкін деп шешім қабылдады. Бұл шешім кеден органдарының транзитке қатысты өкілеттіктерін нығайтты. Huawei/ZTE ісі (2018 жылы орын алған жағдай) — Сот ықтимал құқық бұзушылықтарды бағалау тәсілдерін нақтылай түсті, әсіресе патенттер контекстінде, және ЕО нарығына тауарлардың түсу қаупіне қатысты дәлелдердің негізді болуы қажеттігін ерекше атап өтті (Abbott, 2013).

Зияткерлік меншік құқықтарын бұзуға қарсы күреске арналған ЕО-ның стратегиялық құжаттарында, мысалы, 2014 жылғы ЕО-ның зияткерлік меншік құқықтарын бұзуға қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-қимыл жоспарында, үшінші елдерден (Қытай және Оңтүстік-Шығыс Азия елдері) келетін контрафактілік өнімдерге қарсы күреске ерекше назар аударылады. Сонымен қатар, еуропалық компаниялар мен құқық иелері өз кезегінде зияткерлік меншік құқықтарының бұзылуының құрбанына айналуға, әсіресе дамушы мемлекеттерде көрініс табады. Қосылған құн тізбектерінің жаһандануы жағдайында шетелдік юрисдикциялардағы зияткерлік меншік құқықтарын тиісті деңгейде қорғаудың болмауы ЕО мен үшінші елдер және олардың бірлестіктері арасындағы

халықаралық сауда-экономикалық, инвестициялық және ғылыми-технологиялық ынтымақтастыққа кері әсерін тигізеді (Шугуров, 2021:22).

ЕО-ның № 608/2013 Регламентіне негізделген шекаралық шаралар жүйесі контрафактілік өнімдермен күрестегі әлемдегі ең дамыған және тиімді тетіктердің бірі болып табылады. Бұл жүйе ұлттық рәсімдерді үйлестіреді, құқық иелері мен кеден органдарының өзара іс-қимыл үдерісін жеңілдетеді және онлайн-сауданың, сондай-ақ транзиттің өсуі сияқты жаңа сын-қатерлерге жедел әрекет етеді. Алайда, трансшекаралық контрафактілік саудамен күрестің тиімділігін сақтау үшін цифрлық бақылау мен халықаралық ынтымақтастық салаларындағы үдерістерді үздіксіз жетілдіру басым бағыт болып қала береді.

ҚР мен ЕО Контрафактілік тауарларға қатысты шекаралық шараларды құқықтық реттеу жалпы халықаралық тамырларға ие, бірақ интеграциялық бірлестіктердің ерекшеліктеріне байланысты құрылымы, біріздендіру дәрежесі және кейбір рәсімдік бөлшектері бойынша ерекшеленеді.

Екі жүйе де ТРИПС жөніндегі келісімнің талаптарына, атап айтқанда, құқық иесінің қорғау үшін жүгіну мүмкіндігіне (ЕО-дағы Application for Action рәсімі және ҚР-дағы зияткерлік меншік объектілерінің кедендік тізіліміне енгізу туралы өтініш) негізделеді. ЕО-да да, ҚР-да да контрафактілік белгілері анықталған кезде кеден органдарының тауарларды шығаруды тоқтата тұруы негізгі тетік болып табылады. Тауарларды шығаруды тоқтата тұрудың стандартты мерзімі (ұзарту мүмкіндігімен 10 жұмыс күні) біріздендірілген және халықаралық стандарттарға сәйкес келеді. Екі юрисдикция да кеден органдарына өз бастамасымен әрекет ету құқығын береді, бұл тіркелмеген контрафактіні ұстап қалу үшін өте маңызды.

ЕО - дағы реттеу құрылымы ұлттан тыс бірігудің жоғары деңгейімен сипатталады. ЕО-ның 608/2013 Регламенті тікелей қолданылатын құқықтық акт болып табылады, бұл барлық 27 мүше мемлекеттерде рәсімдердің біркелкілігін қамтамасыз етеді. ҚР-да реттеу екі деңгейлі сипатқа ие. ЕАЭО Кеден кодексі жалпы үйлестіруді қамтамасыз етсе, ҚР «Кедендік реттеу туралы» кодексі мен ұлттық зияткерлік меншік объектілерінің кедендік тізілімі Қазақстанға тән ерекшеліктерді ескеруге және мемлекеттердің зияткерлік меншік объектілерінің бірыңғай кедендік тізіліміне енгізілмеген объектілерді қорғауға мүмкіндік береді.

ЕО-да кедендік тізілімге қатысты орталықтандырылған дерекқор түріндегі бірыңғай «ЕО кедендік тізілімі» формалды түрде жоқ. Оның орнына, бір мүше мемлекет берген әрекет етуге рұқсат (AFA) бүкіл Одақ аумағында қолданылуы мүмкін.

Ал ҚР-да және ЕАЭО шеңберінде ЕАЭО-ның мемлекеттердің зияткерлік меншік объектілерінің бірыңғай кедендік тізілімі бар және оны Еуразиялық экономикалық комиссия жүргізеді. Бұл құқық иелерінің мүдделерін орталықтандырылған түрде қорғауды қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, ҚР ұлттық зияткерлік меншік объектілерінің кедендік тізілімінің сақталуы тек ұлттық нарық үшін маңызды құқықтарды қорғауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, ЕО-да кедендік шаралар тауар белгілерін, авторлық құқықты, өнеркәсіптік үлгілерді, патенттерді, жартылай өткізгіш бұйымдардың топографиясын, селекционерлердің куәліктерін және географиялық көрсеткіштерді қоса алғанда, құқықтардың кең ауқымын қорғауға қолданылады (Czermińska, 2024). Бұдан бөлек, онлайн-сауда үшін өзекті болып табылатын пошта және курьерлік жөнелтілімдерге арналған жеңілдетілген тетік көзделген. Бұл тетік тауарлар легінің аса үлкен көлемі жағдайында тиімдірек жұмыс істеуге мүмкіндік береді (III тарау) (Regulation, 2013).

Қазақстан мен Еуропалық Одақтағы шекаралық шараларды реттеу жүйелері контрафактілік өнімдермен күрес жөніндегі халықаралық міндеттемелерді тиімді іске асырады. ЕО жүйесі неғұрлым біріздендірілген сипатқа ие және Регламенттің тікелей қолданылуына әрі ұлттықтан жоғары соттың белсенді рөліне сүйенеді. Ал Қазақстандағы жүйе, ЕАЭО-ның құрамдас бөлігі бола отырып, ұлттықтан жоғары үйлестіруді (ЕАЭО Кеден кодексі мен Бірыңғай тізілім арқылы) және икемді ұлттық тетіктерді (Ұлттық тізілім және ex officio қағидаты бойынша кең өкілеттіктер) үйлестіреді. Бұл тәсіл Одақтың сыртқы шекарасында да, ел ішінде де зияткерлік меншік құқықтарын тиімді қорғауға мүмкіндік береді.

Тауар таңбаларын қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастық контрафактілік өнімдермен тиімді күрестің негізін қалайды. Алайда кеден органдары бұл шараларды іске асыру барысында бірқатар елеулі қиындықтарға тап болуда. Бұл қиындықтар түрлі нысанда көрініс тауып, құқық қолдану саласында тосқауылдар туғызады және контрафактілік өнімдермен күресті қиындатады.

Біріншіден, технологиялардың дамуына байланысты контрафактілік өнімдердің сапасы артып, олардың түпнұсқадан визуалды түрде айырмашылығын анықтау тіпті мамандар үшін де күрделі бола бастады (Берлова & Чадова, 2018). Кеден органдарына тауар ағынын тоқтатпай, жалған өнімдерді жедел анықтау үшін арнайы білім мен техникалық құралдар қажет.

Екіншіден, техникалық жабдықталудың жеткіліксіздігі (зертханалар, сканерлер, автоматтандырылған талдау жүйелері) және сараптама мен тексеру жүргізуге арналған зияткерлік меншік саласындағы білікті кадрлардың (мамандардың) тапшылығы байқалады (Kazbekova et al., 2025).

Үшіншіден, зияткерлік меншік объектілерін қамтитын тауарларға кедендік бақылау, негізінен, кедендік тізілімге енгізілген тауарларға ғана қолданылады. Алайда тізілімге енгізу — ерікті рәсім, сондықтан көптеген құқық иелері бұл мүмкіндікті пайдаланбайды, бұл өз кезегінде бақылаудың тиімділігін төмендетеді.

Технологиялық жетістіктер шекарада қолданылатын анықтау әдістерінде төңкеріс жасады, контрафактілік өнімдерді анықтау мүмкіндіктерін едәуір арттырды. Біріншіден, импорт көлемінің күрт өсуі, әсіресе электрондық коммерцияның өсуімен байланысты, кедендік ресурстарға үлкен қысым жасайды. Кеден органдары халықаралық почта жөнелтімдері мен экспресс-

жүктердің орасан зор санын өңдеуге мәжбүр, бұл әрбір жөнелтімді мұқият тексеруді іс жүзінде мүмкін емес етеді. Екіншіден, контрафактіні анықтаудың қиындығы: жалған өнімдер барған сайын жоғары сапалы және күрделі болып келеді, бұл тіпті тәжірибелі кеден қызметкерлері үшін түпнұсқадан визуалды айырмашылықты қиындатады (Commission, 2005). Тексеру технологиялары мен әдістерін (сканерлеу, мәліметтер базасы, ақпарат алмасу) үнемі жаңартып отыру қажет (Baldini et al., 2015). Үшіншіден, ЕО шегінде және одан тыс жерлерде күрделі транзиттік схемалар мен логистикалық хабтарды пайдалану, сондай-ақ алғашқы әкелінгеннен кейін ЕО бірыңғай нарығы шеңберінде тауарлардың еркін айналымын пайдалану бақылауды қиындатады.

ЕО-ның жалпы құқықтық базасына қарамастан, кедендік бақылау мен зияткерлік меншік құқығын қорғау шараларын жүзеге асыру мен қолдану 27 мүше мемлекетте әр түрлі болуы мүмкін, бұл контрабандистер үшін «әлсіз жақтарды» тудырады (Santos and Ribeiro, 2006). Контрафактілік өнімдерді өндірудің негізгі аймағы Азия, әсіресе Қытай болып табылады. Тиімді күрес қарқынды халықаралық ынтымақтастықты, ақпарат алмасуды және экспорттық және транзиттік бақылауды үшінші елдермен үйлестіруді талап етеді. Бизнес (құқық иелері) мен кеден органдары арасында неғұрлым тиімді ақпарат алмасу, сондай-ақ зияткерлік меншік объектілері үшін жалпыеуропалық электрондық ақпараттық жүйелерді әзірлеу және енгізу қажеттілігі бар (Customs Report, 2023).

Қорытынды

Әлемдік сауданың жаһандануының заманауи процестері контрафактілік тауарларға қатысты шекаралық шараларды құқықтық реттеудің өзектілігін күшейтеді, өйткені олардың заңсыз айналымы экономикаға, тұтынушылар мен құқық иелеріне айтарлықтай зиян келтіреді. Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Одақ зияткерлік меншік объектілерін олардың құқықтық жүйелерінің ерекшелігін және интеграциялық даму деңгейін көрсететін кедендік-құқықтық қорғаудың өзіндік тәсілдерін әзірледі.

Екі юрисдикциядағы шекаралық шаралар зияткерлік меншік құқықтарын бұзды деп күдіктелген тауарларды шығаруды тоқтата тұру тетіктері арқылы контрафактілік тауарлардың әкелінуін, әкетілуін және айналысын болғызбауға бағытталған. Қазақстан Республикасында негізгі реттеу ЕАЭО Кеден кодексінде, сондай-ақ «тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері және тауарлар шығарылған жерлердің атаулары туралы» ҚР Заңы сияқты ұлттық нормативтік актілерде бекітілген. Еуропалық Одақта құқықтық негіз барлық мүше мемлекеттер үшін бірыңғай рәсімдерді белгілейтін және орталықтандырылған деректер базасы мен ақпараттық жүйелер арқылы кеден органдарының тиімді өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін ЕО-ның № 608/2013 Регламенті болып табылады.

Салыстырмалы талдау барысында ЕО кедендік тетігінің бірқатар артықшылықтары бар екенін көрсетеді: Біріншіден, одақ деңгейінде құқықтық реттеуді үйлестірудің жоғары дәрежесі; Екіншіден, құқық иелері мен кеден органдары арасында ақпарат алмасуды қамтамасыз ететін бірыңғай электрондық

платформаның болуы; Үшіншіден, Еуропалық комиссиямен және құқық қорғау құрылымдарымен дамыған үйлесім нәтижесі.

Қазақстандық жүйе ЕАЭО құқықтық өрісі шеңберінде дамудың оң серпінін көрсетеді. Оның артықшылығы зияткерлік меншік объектілерінің бірыңғай тізілімін қалыптастыру және Еуразиялық бақылау жүйесіне интеграциялау болып табылады, бұл рәсімдерді біріздендіруге және құқық иелерінің құқықтарын қорғаудың тиімділігін арттыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, кеден пункттерінің техникалық жарақтандырылуына, процестерді цифрландырудың жеткіліксіздігіне және сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың өз құқықтарын қорғау тетіктері туралы хабардарлығының төмендігіне байланысты проблемалар әлі күнге дейін сақталып келеді.

Қазақстан Республикасында контрафактілік өнімдерді кедендік бақылауды жетілдіру перспективалары қазіргі заманғы цифрлық құралдарды енгізумен, тәуекелге бағдарланған тәсілді дамытумен, халықаралық ынтымақтастықты нығайтумен және еуропалық тәжірибені, әсіресе ақпарат алмасу және талдамалық бақылау саласында қабылдаумен байланысты болып табылады. Еуропалық Одақ үшін, керісінше, қолданыстағы тетіктерді электрондық коммерция мен трансшекаралық онлайн-сауданың сын-қатерлеріне бейімдеу өзекті міндет болып қала береді. Жалпы алғанда, контрафактілік тауарларға қатысты шекаралық шараларды реттеу жүйесі Қазақстан мен Еуропалық Одақта ортақ мақсаттарды көздейді — зияткерлік меншік құқықтарын тиісті деңгейде қорғауды қамтамасыз ету және тауарлардың заңсыз айналымының алдын алу болып табылады. Сонымен бірге, еуропалық үлгі неғұрлым жоғары институционалдық үйлестіру деңгейімен және технологиялық дайындықпен, ал қазақстандық жүйе — ЕАЭО аясындағы институционалдық қалыптасу және интеграция кезеңімен сипатталады. Қазақстан Республикасында зияткерлік меншік құқықтарын кедендік қорғау жөніндегі ұлттық тетіктің тиімді дамуы үшін заңнаманы одан әрі үйлестіру, рәсімдерді цифрландыру және халықаралық ынтымақтастықты нығайту қажет. Бұл шаралар құқық иеленушілердің мүдделерін қорғау мен сауда еркіндігі арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

1. Abbott, Frederick M. (January 19, 2013). Respect for Copyright Sovereignty in Transit: The European Court of Justice Decision in the Joined Philips/Nokia Cases FSU College of Law, Law, Business & Economics Paper, FSU College of Law, Public Law Research Paper, Available at SSRN: <https://ssrn.com/abstract=2246063>
2. Agreement on Trade-Related Aspects of Intellectual Property Rights (TRIPS Agreement), 1994.
3. Baldini G., Nai Fovino I., Satta R., Tsois A., Checchi E. (2006). Survey of techniques for the fight against counterfeit goods and Intellectual Property Rights infringement; EUR 27688 EN; doi:10.2788/97231

4. Commission to the Council, the European Parliament and the European Economic and Social Committee on a customs response to latest trends in counterfeiting and piracy (2005).

5. Czermińska, M. (2020). Protection of intellectual property rights in the European Union: The role of customs authorities on the example of Poland. *International Entrepreneurship Review*, 6(2), 37-54. <https://doi.org/10.15678/IER.2020.0602.03>

6. Drexler, J. (2012). The Scope of EU Customs Measures against Counterfeits in Transit: The Case Law of the ECJ and the Need for Legislative Reform. *Journal of Intellectual Property Law & Practice*, vol. 7, no. 12, pp. 838–844.

7. Kazbekova S., Zeinelgabdin A., Yessenova G., Amalbekova G. (2025). Current problems in the activities of post-clearance control departments in Kazakhstan. *Bulletin of the Khalel Dosmukhamedov Atyrau University*, 77(2), 288-299. (In Russ.) <https://doi.org/10.47649/vau.25.v77.i2.25>

8. Regulation (EU) No. 608/2013 of the European Parliament and of the Council of 12 June 2013 concerning customs enforcement of intellectual property rights and repealing Council Regulation (EC) No. 1383/2003

9. Santos, J. F., & Ribeiro, J. C. (2007). International Counterfeiting in the European Union: A Host Country Approach. *Journal of Euromarketing*, 16(1–2), 165–176.

10. Stamatoudi, I. (2015). EU Border Enforcement Measures on Intellectual Property Rights: A Critical Look at Regulation 608/2013. *European Intellectual Property Review*, vol. 37, no. 5, pp. 290–303.

11. The Economic Impact of Counterfeit Goods in the EU (and Why Brand Protection Saves More than Just Revenue) (2021). <https://www.marqvision.com/blog/impact-of-counterfeit-goods-eu>

12. Union Customs Code (UCC) Annual Progress Report 2023. URL: https://taxation-customs.ec.europa.eu/news/out-now-union-customs-code-annual-progress-report-2023-2024-09-23_en

13. Алиев С.Б. (2015). Правовые основы регулирования интеллектуальной собственности в Евразийском экономическом союзе. *Практика интеграции ЕЭИ*, 3 (28), 65-75.

14. Берлова Н.В., Чадова Т.В. (2018). Идентификация контрафактных товаров при таможенном контроле // *Таможенная политика России на Дальнем Востоке*, 2(83), 7–58.

15. «Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт» (Астана қ., 2014 жылғы 29 мамырда) (2024.07.06. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен). URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31578300#activate_doc=2

16. «Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі 2017 жылғы 26 желтоқсандағы № 123-VI ҚРЗ. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1700000123>

17. Петрова М.А., Паулов П.А. (2021). Проблемы выявления контрафактной продукции таможенными органами РФ. *Международный научный журнал «Вестник Науки»*, 2 (35). Т.3.

18. Шугуров М.В. (2021). Правовая политика Европейского союза в сфере противодействия контрафакту в условиях Единого цифрового рынка. *Международное право*, 4.

References

1. Abbott, Frederick M. (January 19, 2013). Respect for Copyright Sovereignty in Transit: The European Court of Justice Decision in the Joined Philips/Nokia Cases FSU College of Law, Law, Business & Economics Paper, FSU College of Law, Public Law Research Paper, Available at SSRN: <https://ssrn.com/abstract=2246063>

2. *Agreement on Trade-Related Aspects of Intellectual Property Rights (TRIPS Agreement)*, 1994.

3. Baldini G., Nai Fovino I., Satta R., Tsois A., Checchi E. (2006). Survey of techniques for the fight against counterfeit goods and Intellectual Property Rights infringement; EUR 27688 EN; doi:10.2788/97231

4. Commission to the Council, the European Parliament and the European Economic and Social Committee on a customs response to latest trends in counterfeiting and piracy (2005).

5. Czermińska, M. (2020). Protection of intellectual property rights in the European Union: The role of customs authorities on the example of Poland. *International Entrepreneurship Review*, 6(2), 37-54. <https://doi.org/10.15678/IER.2020.0602.03>

6. Drexler, J. (2012). The Scope of EU Customs Measures against Counterfeits in Transit: The Case Law of the ECJ and the Need for Legislative Reform. *Journal of Intellectual Property Law & Practice*, vol. 7, no. 12, pp. 838–844.

7. Kazbekova S., Zeinelgabdin A., Yessenova G., Amalbekova G. (2025). Current problems in the activities of post-clearance control departments in Kazakhstan. *Bulletin of the Khalel Dosmukhamedov Atyrau University*, 77(2), 288-299. (In Russ.) <https://doi.org/10.47649/vau.25.v77.i2.25>

8. Regulation (EU) No. 608/2013 of the European Parliament and of the Council of 12 June 2013 concerning customs enforcement of intellectual property rights and repealing Council Regulation (EC) No. 1383/2003

9. Santos, J. F., & Ribeiro, J. C. (2007). International Counterfeiting in the European Union: A Host Country Approach. *Journal of Euromarketing*, 16(1–2), 165–176.

10. Stamatoudi, I. (2015). EU Border Enforcement Measures on Intellectual Property Rights: A Critical Look at Regulation 608/2013. *European Intellectual Property Review*, vol. 37, no. 5, pp. 290–303.

11. The Economic Impact of Counterfeit Goods in the EU (and Why Brand Protection Saves More than Just Revenue) (2021). <https://www.marqvision.com/blog/impact-of-counterfeit-goods-eu>

12. Union Customs Code (UCC) Annual Progress Report 2023. URL: https://taxation-customs.ec.europa.eu/news/out-now-union-customs-code-annual-progress-report-2023-2024-09-23_en
13. Aliev S.B. (2015). Pravovye osnovy regulirovaniya intellektual'noj sobstvennosti v Evrazijskom jekonomicheskom sojuze. Praktika integracii EJeI, 3 (28), 65-75.
14. Berlova N.V., Chadova T.V. (2018). Identifikacija kontrafaktnyh tovarov pri tamozhennom kontrole // Tamozhennaja politika Rossii na Dal'nem Vostoke, 2(83), 7–58.
15. Eýraziyalyq ekonomıkalyq odaқ turaly shart (Astana q., 2014 jylǵy 29 mamyrda) (2024.07.06. berilgen ózgerister men tolyqtyrularymen). URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31578300#activate_doc=2
16. "Qazaqstan Respublikasyndaǵy kedenlik retteý turaly" Qazaqstan Respublikasynyń Kodeksi 2017 jylǵy 26 jeltosqandaǵy № 123-VI QRZ. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1700000123>
17. Petrova M.A., Paulov P.A. (2021). Problemy vyjavleniya kontrafaktnoj produkcii tamozhennymi organami RF. Mezhdunarodnyj nauchnyj zhurnal «Vestnik Nauki», 2 (35). T. 3.
18. Shugurov M.V. (2021). Pravovaja politika Evropejskogo sojuza v sfere protivodejstvija kontrafaktu v uslovijah Edinogo cifrovogo rynka. Mezhdunarodnoe pravo, 4.

“Еуразия халықаралық құқық журналына” мақалалар беру бойынша авторларға арналған нұсқаулық

Журнал редакциясы авторлардан журналға жіберілетін жұмыстарды дайындау кезінде сақталуға тиіс ережелермен (журнал туралы жалпы ақпаратты, мақалаларды қарау рәсімін, жариялау этикасын қамтитын журнал редакциясының саясатымен) танысуды сұрайды.

1. Автордың (авторлардың **саны 3-тен аспауға тиіс**) мақаланы редакцияға жіберуі баспагердің – Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің журналда мақала басып шығару және оны кез келген шет тілінде қайта басу құқығына олардың келісімін білдіреді. Журналдың бір нөмірінде бір автордан 1-ден артық жарияланым жариялауға жол берілмейді. Мақаланың мазмұнына автор (авторлар) жауапты.

2. Мақала редакцияға (ашық журнал жүйесі (OJS) арқылы) Word файлында ұсынылады (бет – А4, барлық жағынан шеттер – 20 мм. Шрифт: Times New Roman, өлшемі 14).

XҒТАР <http://grnti.ru/> бірінші жол, сол жақ; автор(лардың) инициалдары мен тегі – ортасына туралау, курсив; ұйымның толық атауы, қаласы, мемлекет (егер авторлар әртүрлі ұйымдарда жұмыс істесе, автордың аты-жөнінің және тиісті ұйымның қасына белгі қою керек; автор(лар)дың электронды поштасы – жақшада курсивпен; мақаланың тақырыбы – ортасына қою қара шрифтпен). Стилль файлын журналының веб-сайтынан жүктеп алуға болады.

